ЖАС ҚАЗАҚ

№7-8
(631-632)
24
ақпан
2017 жыл

ISSN 2074-899X

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

АЛАҢ



ҚАТЕЛЕСУГЕ ХАҚЫСЫ ЖОҚ

«Қара алтын» қымбат, қазына толы тұста қаржының қалай жұмсалғанын қадағалау қожырайды. Нарықты зерттеушілер осы құбылыстың себебін мұнайлы елдерді айналып өтпейтін қазба байлықтың «қарғысынан» іздейді. Ақшасы көп үкімет алаңсыз. Бір істі бітірмей, екіншісіне кірісіп кетеді. Немесе, қолын қимылдатпай, шикізат төккен ырзықты жеп жата береді. ОРЕС-ке мүше кейбір елдің кешегі кейпі пікірімізге дәлел. Бүгін олардың қолы сұраған берген емес. Әр тиынын есептеуге мәжбүр. Ас та төк кезде аямай жұмсалған ақшаның есебін білгісі келеді.

Мұнай бағасына байланған біздегі жағдай бұлардан біраз өзгеше. Мемлекеттің мол қаржысы ғылыми жаңалық ашуға, өндіріс ошағы мен білім ордасын салуға бөлінді. Талай жоба жүзеге асты. Жарты жолда жоқ боп кеткен ақша да аз емес. Бұл жетіде Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова білім және ғылым министрінің алдына қиын сұрақты көлденең тартты.

– Менің сауалым Өскемен мен Екібастұзда салынуы тиіс әлемдік деңгейдегі колледждер жөнінде. Оларды салуға 2010-2011 жылдары 7,9 млрд теңге бөлінді. Қазір шөккен іргетасы ғана бар. Артынан дұрыс жобаланбағаны анықталды. Өкінішке қарай, бізде бұл үйреншікті нәрсеге айналды. Инфрақұрылымы атымен жоқ. Бюджетке бір тиын да қайтпады. Бәрі іргетасқа кеткендей. Осы колледждердің тағдыры не болды?

Ерлан Сағадиев министрліктің құрылыспен айналыспайтынын айта келе, «Жергілікті атқарушы органдар салуы тиіс. Біз құрылысты соларға тапсырғанбыз» – деді. Министрдің сөзінен түсінгеніміз, ендігі жерде мұндай «сақалды» құрылысты аяқтау әкімдіктің міндеті. Қазынаның есебінен, әрине.

Осы аптада «Биохим» зауытының өз жұмысын қайта жалғастыратыны жария етілді.

(Жалғасы 2-бетте)

2 СИЫР ПҰЛ БОЛДЫ

3 БҮГІНГІ КҮННІҢ «АТАМАНЫ» КІМ?

6 ХАКІМ АҒА, БАТЫР АҒА

7 АВТОРЛЫҚ КИНОДА ҚАТЫГЕЗДІК БАСЫМ

onthewebJASQAZAQ.KZ

САҢЛАҚ

СЕКСЕН ТӨРТТЕГІ ТӨРТ ЧЕМПИОН!



1984 жылы ақпанның соңы, наурыздың басында Ташкентте бокстан Кеңес одағының кезекті чемпионаты өтті. Советке қараған 15 одақтас республика мен Мәскеу, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) боксшылары 12 салмақтың жүлделерін сарапқа салды.

(Жалғасы 7-бетте)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	56,68
DOLLAR	312,5
EURO	332
РУБЛЬ	5,43

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Билік

ҒЫЛЫМ ӨНДІРІСКЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

«Отандық ғалымдар өз жұмысын белсенді түрде патенттеуде. Бірақ олардың басым көпшілігіне сұраныс жоқ. Ғылым негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылуда. Іс жүзінде нақты сектордан тапсырыс түспей жатыр. Сонымен қатар ғылыми жұмыстарда плагиат жиі кездеседі». Елбасы бұл туралы Ұлттық ғылым академиясының жалпы жиналысының салтанатты сессиясында мәлім етті.

Осыған орай мемлекет басшысы отандық ғылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды түбегейлі өзгертуді тапсырып, осы бағытта бірқатар нақты міндеттер белгіледі. Алматы қаласы Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен жиында Елбасы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін коммерцияландыру туралы заң қабылдағанымызды айтты. Енді осы заң толыққанды қолданылуы қажет. Ғылыми-зерттеудің нәтижелерін отандық кәсіпорындардың қажеттілігіне бағыттайтын тетік енгізу керек. Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің алдымызда импортты алмастыру және экспорттық өндірісті дамыту міндеті тұр», – деді. Сондай-ақ мемлекет басшысы сессияға қатысушыларды Ұлттық Ғылым академиясының 70 жылдығымен құттықтап, оның заманауи Қазақстанды дамытуға қосқан үлесін атап өтті. Бүгінде ғылым академиясы салалық және өңірлік бөлімшелері бар ірі зияткерлік орталыққа айналды. Қазақстан Президенті отандық ғылымының қалыптасуындағы академияның еңбегін ерекше атап өтіп, еліміздің ғылыми әлеуетін «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауды іске асыруға пайдаланудың маңыздылығына назар аударды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті академияның әлеуетін пайдалана отырып, іргелі және гуманитарлық ғылыми жобалар сараптамасының сапасын жақсарту қажеттігін айтты. Білім және ғылым министрлігіне Ғылым академиясымен және жоғары оқу орындарымен бірге отандық ғылыми басылымдарды халықаралық рейтингтік базаларда ілгерлету ісін жүзеге асыруды тапсырды. Сондай-ақ Елбасы әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өту үшін үздік зерттеушілерге қосымша грант тағайындау, сонымен бірге Орталық Азия елдерінің жас ғалымдарына елімізде ғылыми-зерттеу жүргізу үшін грант бөлу мәселесін зерделеу жөнінде тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰

СИЫР ПҰЛ БОЛДЫ

Күн жексенбі. Облыс орталығындағы жергілікті халық «жабық базар» деп атайтын сауда орнының ет сататын сөрелерінің маңы ығы-жығы, иін тіреске халық. Әншейінде алушыдан сатушы көп болатын. Бұл жолы сатушы аз да, туырылып жатқан етке тамсанатындар көп. Тамсанбағанда қайтсін, сиыр етінің бағасы бұрын-соңды жетпеген деңгейге көтеріліп, соңғы апталарда күрт өсті. Бір келісінің бағасы 1700-1800 теңге. Осыдан шамамен бір ай бұрын 1300-1400 теңгеден сатылған. Шынын айту керек, қала тұрғындарының қазанына түсетін еттің дені қара малдікі. Адамның асқазанында келесі күн батқанша қорытылатын қой етінен денсаулығына байланысты тартынатындар көп. Ол кезде жылқы еті тісіне кірмей, түсіне кіретін. Қара малмен салыстырғанда әлдеқайда қымбат-тұғын. Соңғы уақытта керісінше баға нарығы қалыптасты. Қазір жылқы еті 1500-1600 теңге шамасында.

Сауда мезеретін салмақтап отыратындардың жорамалына қарағанда, биылғы жылы жылқы еті қымбаттауы әбден ықтимал еді. Өйткені, өткен жылы жылқы баққан көп қазақ қыс ортасында жауған жауыннан жұтап қалған. Тігерге тұяқ қалмай, жүген ұстап қалды демесек те, жылқының азайғаны рас. Әсіресе, жабағы-тайы. Айналып келгенде биылғы соғымға жығып алатын төл сол-тұғын.

Бағаның былайша шарықтап кету себебін ет сатып тұрған адамдардан сұрап білдік. Олардың айтуына қарағанда, ең бірінші себебі – облыс орталығына жеткізілетін қара малдың етін қарағандылық алып-сатарлар сатып алып жатыр екен. Шалғайдағы елді мекендерден мал етін жеткізетін делдалдарға әрбір келі ет үшін әдеттегі бағадан үш жүз теңге артық төлейді. Таң сәріден «КамАЗ-дарын» базарға тіреп қояды да, елден ет жеткізгендердің қолындағысын көтерме бағамен сатып алады. Білетіндердің айтуына қарағанда, Қарағандының өз басында сиыр етінің әр келісінің бағасы 2500 теңгеге жетіпті. Оның да себебі бар. Өткен жылы сол өңірде қара мал жұқпалы ауруға ұшыраған. Қазір Қарағанды облысының елді мекендерінде мал басы күрт азайды деп отыр. Бұрынғы малдың дені санитарлық сақтық үшін пышаққа леккен.

Біздің облыста мал басы аман. Кеміген жоқ, қайта сәл де болса өсе түскен. Бұл енді қорадағы емес, қағаздағы есеп.

– Еттің азаюының себебі – мал басының кемуінен емес. Ауылда, мал ішінде өскен әрбір адам жақсы білуге тиісті. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін көкөзек шақта ешкім желіндеп тұрған малын етке тапсырмайды ғой. Сатылатын тайынша, торпақты өткен күзде өткізіп бітірген, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Серік Шайкөзов,– өткен жылы бұрнағы жылмен салыстырғанда қара малдың басы 4 пайызға өсіп, 399 мың басқа жетті.

Ет бағасының өсуінің тағы да бірнеше жанама себептері бар. Мәселен, шалғайдағы шағын ауылдармен қатынайтын жолдарды қар басып қалды. Оппа қарға омбылап жүрген жүргінші қаптап ет тасымақ түгілі, қарақан басын әзер алып жүреді. Екінші бір себеп, бензиннің қымбаттауы. Тағы бір себеп, мал азығының жылдан-жылға көтерілуі.

– Мал бағудың да азабы аз емес. Айтуға ғана жеңіл, әйтпесе, төрт түліктің ішінде қара малдың өзіндік құны өте көп. Есептеп көрейік, біздің жақта қара мал алты ай қолға қарайды. Алты айдың ішінде бір басқа бір тіркеме шөп, бір тонна жем қажет екен делік. Шөбіңіздің құны 30 мың теңге, жеміңіз де сол шамада. Екеуін қоссаңыз, бір бас қара малды қыстатып шығару үшін алпыс мың теңге қаржы керек. Қолдағы малдың тұқымы азып кеткен. Үш жыл бақпасаңыз, пышақ көтермейді. Сонда қара мал өзіне жұмсалған шығынды ғана жабады деген сөз ғой. Ал шалғайдағы шағын ауылдағы ағайындар маңдай терін сыпырып жүріп баққан малын бұлдап өткізе де алмайды. Ол үшін селолық округ әкімдігінен мал өзіңіздікі екені туралы анықтама аласыз. Одан соң мал дәрігерінен тағы бір құжат қажет. Барсаңыз, базардан орын тиетіндігіне көзіңіз жетіп тұр ма? Осынша мехнатқа өз еңбегіңізді қосыңыз, – дейді Зеренді ауданындағы Жаңауыл ауылындағы шаруа қожалығының жетекшісі Құлан Болатов, – сондықтан да басы артық жұмыстан қашқан ауыл адамдары малдарын делдалға тапсырғанды оңай көреді.

Осы арада қадап айта кететін бір өзекті мәселе бар. Қазір делдалдар ауыл тұрғындарынан қара мал етінің келісін 800-900 теңгеден алады. Ал базарда екі есе қымбат. Сонда делдал үш жыл баққан мал иесімен пара-пар табыс табады екен. Егер біз қымбаттады деп отырған бағаны малдың ақ адал иесі алса, еш қарсылығымыз жоқ. Ондай жағдайда қорасындағы бірді-екілі қараның сүмесімен күн көріп отырған, одан басқа табысы жоқ ауыл тұрғындарының еңбегі еш болмас еді. Қайта сол малдың арқасында ес жиып, етек жауып қалар еді.

Сөз соңын шиыра тәмамдағанда, сиыр еті бағасының қымбаттау себебі осындай. Базар толы халық. Біреуі – етке, екіншісі – еттің бағасы жазылған қағазға қарайды. Қалтасы көтергені алып, аспанға қарап кетіп бара жатса, қалтасы көтермегені жерге қарап сытылып шығып бара жатыр. Қайда барар екен? Бағаны айтам да...

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
журналист

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

24,5
млн теңге.
Батыс Қазақстан облысында шенеунік құны осынша тұратын қызметтік көлікті тізгіндегісі келеді

300
мың теңге.
Ақтөбеде асхана меңгерушісінен ақшалай сыйақы талап еткен мектеп директоры сотталды

16
млн теңге. Отандық кәсіпкерге салынған айыппұл көлемі

Сөз-жебе

Жақып АСАНОВ,
Бас прокурор:

«Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің төрағасы бүгінгі жиынға не үшін қатыспады? Осында көтерілген мәселелер өте маңызды. Соңғы үш жылда аталған комитеттен 80 адам түрмеге қамалған. 400 қызметкер жұмыстан шығарылыпты. Оларға қылмыстық әрекет жасауға мүмкіндік жасалған. «Бізге бәрі болады» – деп ойлайды. Бұл салаға білікті маман келмейді деп жатады. Осылайша қылмыс жасап, бірінен соң бірі істі болса қайдан келеді? Одан да айлығын көтеріп, нағыз жұмыс жасайтындарды тарту керек»

(Астанада өткен түрме реформасының IV форумында айтқан сөзі)

Алаң

(Басы 1-бетте)

ҚАТЕЛЕСУГЕ ХАҚЫСЫ ЖОҚ

Бидайдан биобензин, қалдықтан мал жем алуға мүмкіндік беретін кәсіпорын 2006 жылы іске қосылып еді. Жобаның 94 млн доллар болса, оның 60 миллионын Қазақстан даму банкі несие ретінде бөлді. Өнімді өткізу мен сұраныс төңірегіндегі есеп-қисап дұрыс болмады. Соның кесірінен бір жылда небәрі 4 мың тонна биоэтанол экспортқа жөнелтілді. Ал жылдық қуаты 60 мың тоннаны құрайды. Қарызға батқан ТМД-дағы бірегей кәсіпорын ақыры жабылып қалды. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов зауытқа ақыры инвестордың табылғанын айтты. Алдағы наурыздан бастап өндіріс кезең-кезеңмен жолға қойылмақшы. Бұрынғыдай емес, нақты тұтынушы бар. Еуро-6 мен Еуро-5 маркаларына көшкелі тұрған Павлодар мен Шымкенттегі мұнай өңдеу зауыттарына бензиннің жаңа түрін шығару үшін әлгі биоэтанол керек екен. Кәсіпорын есігін ашса, біраз адамға жұмыс табылады. Көрші Ресейден қыруар қаржыға бензин сатып алудан құтылар ма едік.

Осы екі мысал «Судың да сұрауы бар» – дейтін қағиданы қалтамыз қалың кезде де ұмытпау керектігін ескертеді. Ал ақша азайып, қалта жұқарған заманда қателіктің тым ауыр тиетіні әркімге де белгілі.

Талап ТІЛЕГЕН

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Орал қаласының көші-қон полициясы 11 өзбек азаматын ұстады. Олар кондитерлік өнім мен нанды заңсыз пісіріпті.

ӨЗБЕКШЕ «КӘСІП»



Қолға түскен ала шапанды ағайындылар өз отандасының наубайханасында жұмыс жасаған. Алайда наубайхана қожайыны жерлестерін жұмысқа тартқанымен құжатын рәсімдемеген. Пісірген өнімі де еш құжатсыз жергілікті дүкендерде сатылған. Айта кету керек, елімізге келіп жұмыс жасау үшін өзге елдің азаматтары құжатын арнайы рәсімдеуі керек. Ел аумағында үш ай жұмыс істеу үшін әр азамат 13 мың теңге төлеуі керек. Бірақ соның өзін төлемейтін пысықайлар жеткілікті.

Аптаның сауалы

– РЕСЕЙДЕН 300 МЫҢ ГЕКТАРДАН АСТАМ ЖЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ. БҰЛ АУМАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Талғат МҰХТАРОВ,
қорғаныс министрінің орынбасары:

«Полигонды жалдан шығару өңірдің экономикалық дамуына оң әсерін береді. Қайтарылатын жерді кәсіпкерлер пайдалануы мүмкін. Мұнда ауыл шаруашылығымен, пайдалы қазбаны іздеу және өндіруді ұйымдастырумен айналысатындарға қолайлы жағдай бар»

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қылбұрау

Елімізге Осы аптада Әбдухалил Әбдужаппаров Сауд Арабиясынан қайтарылды. ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға жүгенсек, ол 2015 жылдан бастап, қылмыстық кодекстің 174-бабы (діни алауыздықты қоздыру) және 256-бабы (терроризмді насихаттау) бойынша қылмыс жасады деген күдікпен халықаралық іздеуде болған. Сондай-ақ «Әбдужаппаров 2000 жылдары еліміздің батыс облыстарындағы діндарлар арасында «тәкфир» идеясын таратқан. Жалған уағыздаушының әрекеті Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында жасырын радикалды ұйымдардың пайда болуына ықпал еткен». Ол Сауд Арабиясынан қуылған соң Түркияға барады. Бірақ түрік үкіметі кейбір ұйымдардың өтінішіне қарамастан, оған саяси баспана бермейді. Содан кейін ол Сауд Арабиясына қайтарылады.

БАҚ-та «Шейх Халил» лақап атымен танымал Әбдухалил Әбдужаппаров туралы мағлұмат тапшы. Айта кеткен жөн, «Жас қазақ» тәкпірші туралы жазған. Осыған орай оралдық журналист Ұлдай Сариеваның Әбдухалилге алданған жастар туралы мақаласын қайта ұсынып отырмыз.

«ШЕЙХ ХАЛИЛ» ҚАЙТАРЫЛДЫ

Әбдухалил Әбдужаппаров

АШЫНҒАН АНА, СИРИЯҒА КЕТКЕН БАЛА

Соңғы жылдары исламды бұрмалаудың кесірінен талай қазақ жастары жат ағымның жетегіне түсуде. Олар вахаббиттік идеяны қолдап, намаз оқымағаны үшін ата-ана, туыстарын «кәпір», олардың пісірген тамағын «харам» деп, қағынан жиреніп, безуде. Мұның ақыры террористік ұйым «Ислам мемлекеті» деген жалған атпен танылған теріс ұйым құрамына қосылу үшін Сирияға кетумен аяқталуда. Көбі сол жақта өлім құшуда. Не үшін? Кім үшін? Бұл сұраққа жауап іздеген олардың ата-аналары құзырлы органдарды аралап, шарқ ұруда. Олардың ұл-қыздарын кімдер теріс жолға салып жатыр? Аялап өсірген, бақытына балаған перзенттері оларға неге қайғы әкелді? Бұл сұрақтарға кім жауап береді? Ұлдары Сирияға кетіп, соғыста өлген, немерелері жат елде қалған ата-аналардың қасіретіне, көз жасына кім жауапты? Салмағы мың атан түйеге жүк болатын бұл күнәлар кімнің мойнында?

Қазақ «Шыдамның да шегі бар» дейді. Сол шыдам таусылды. Таусылмай қайтсін, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүт беріп өсірген перзентін біреу азғырып, отбасынан, ата-ана құшағынан тартып алып жатса?! Сирияға кеткен қазақ жастарының ата-аналары ашынып, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеуге шықты. Олар облыс мешіттеріне келіп, исламды бұрмалап теріс бағытта жүргендердің жауап беруін талап етіп, адасып жүргендерді дұрыс жолға шақыруда. Солардың бірі – Айнаш Төлеева жақында облыстық мешітке келіп, жамағаттың алдында сөз сөйледі.

– Жалғыз ұлым еді, – деді ана көз жасы төгіліп. «Намаз оқимын» деген соң «жаман нәрседен аулақ болады ғой» деп ойладым. Бірақ керісінше болды. Ұлым үмітімді ақтамады. Имамдардан үйренбей, теріс жолда жүргендердің ықпалына түсіп кетті. Бір түнде балам маған айтпастан, Сирияға кетіп қалды.Төрт ай бойы іздедік, күттім, төрт айды ұйқысыз өткіздім, жүрегім жаралы, ауырады... Сосын... ол Сирияда өліпті. Ол жақта келінім мен екі немерем қалды... Ұлым не үшін өлді, кім үшін өлді? Неге?

АҒАЙЫНДЫ ҚАРАТАҒАНОВТАР

Терроризм бабы бойынша сотталған ағайынды Қаратағановтардың анасы Меңдіғаным Каюпованың да жағдайы мәз емес. Ол екі ұлының әйелдері мен 8 баласының, өзінің де қатты қиналғандарын көзіне жас ала отырып, әңгімеледі. Атышулы Ернұр Ахатовтың ісі бойынша, яғни 2012 жылы Орал қаласында жарылыс жасауды жоспарлап, іске асырғалы жатқанда қолға түскен Ахатовтың тобында болған Қаратағановтар 6 жылға сотталып, Ақмола облысының Державин қаласындағы түрмеге жіберілген еді. Жігіттердің анасы М.Каюпова етегі жасқа тола жүріп. Оралдағы құқық қорғау органдарын жағалап, ұлдарын Оралдың түрмесін ауыстыруын сұраған еді. Қаратағановтар 2015 жылдың 13 желтоқсанында Орал қаласындағы РУ-170/2 еңбекпен түзету мекемесіне ауыстырылды.

«Біз адасқанымызды түсіндік. Түрмеден шыққан соң анамызды аялап, отбасымызды асырап, балаларымызды дұрыс жолға тәрбиелейміз» – дейді олар Алтынбек 1981 жылы, Асылбек 1983 жылы Жаңақала ауданында дүниеге келген. Әкелері ерте қайтыс болып, анасы Меңдіғаным тәрбиелеп өсірген. 1987 жылы Зеленов ауданының Балағаң (Жаңа таң) ауылына көшіп келген. Олардың айтуынша, топта әркімнің өз міндеті, атқарар жұмысы болған.

Асылбек бір қалаға тұрақтамай, Алматы, Бішкек асып жүрген Е.Ахатовқа қалаға келген кезде жасырын пәтер дайындаумен және ақша жинаумен айналысқан. Олар жарылыс заттарының қалай жасалғанын, қандай екенін, блиндаждың қай жерден, қалай қазылғанын көрмеген. Алтынбек Ернұрмен 3 рет қана кездесіпті. Соңғы кездесуде Ернұр 2011 жылы Ақтөбе, Атырау қаласында болған теракті туралы әңгімелеген. «Мечта» демалыс орнына таяу, Жайықтың жағасында түнгі алаудың жарығымен бейне–ролик түсіріп, ұстазы «Халилге» жіберген. Оралда теракт жасау туралы рұқсат сұраған.

«ХАЛИЛ» ДЕГЕН КІМ?

Елімізде «Халил» деген лақап есіммен белгілі Әбдухалил Әбдужаппаров Пәкістаннан келіп, еліміздің батыс өңірінде болғаны белгілі. Ол 2007 жылы Арабияға кетіп, қайта оралмаған. 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында туған. Ұлты өзбек. Қазақстан азаматы. 1990 жылдары Пәкістанда, Шымкент казақ-кувейт университетінде білім алған. Шымкентте мешіт имамы болған, 2000 жылдың басында исламның радикалды бағыты – вахабийлік жолға түседі.

2003 жылы Атырау қаласына келіп, заңсыз тұрғызылған Рембазадағы мешіттің имамы болады. «Халил» жастарды вахабийлік жолға тартып, «таза ислам жолы осы» деп көрсетіп, азғырады. Мешіттің заңсыздығы прокуратурамен әшкереленіп, Ә.Әбдужаппаров Атырау қаласынан кетуге мәжбүр болады.

«ХАЛИЛДІҢ» ОРАЛҒА КЕЛУІ

2004 жылы «Халил» Орал қаласына келіп, жалдамалы пәтерде тұрып, облыс жастарын вахабийлік бағытқа салумен айналысады. Еліміздің Батыс өңірінде вахабизмнің дамуына зор ықпал еткен. Яғни жоғарыдағы аналарымыздың көз жасының сұрауы да осы «Халилдің» мойнында деген сөз. 2006 жылы үстінен қылмыстық іс қозғалған «Халил» Сауд Арабиясына қашып кетеді. Бұдан әрі ол дәріс жазып, оны ғаламтор арқылы таратады және еліміздің түпкір-түпкіріндегі салафилермен телефон арқылы хабарласып, бағыт беріп отырады. Соның кесірінен облыс жастары Мысырға аттанып, жасырын марказдарда (жалған діни оқу орындарында) оқып, көбі халықаралық террористік ұйымдарға мүше болып кетті. Соның бірі – оралдық Нұржан Ерғарин 2013 жылы Пәкістандағы әскери базаға жарылыс заты орнатылған көлікпен барып соғылып, өзін-өзі жарды. Ал «Халилдің» шәкірттері Е.Ахатовтың Орал қаласында бірнеше жерде жарылыс жасауды ұйымдастырғаны белгілі.

Мәселе

Жұмабек *(кейіпкердің есімі өзгертілді)* **бүгін де ашқұрсақ қалды. Мектеп бетін көрмегеніне қанша уақыт өткенін білмейді. Сыныптастарының сөмке арқалап көше бойлап бара жатқанын көрсе, бойын өкініш өртейді. Қатарластары сияқты мектепке бара алмағанына өкінеді. Барар еді-ау, үстінде түзу бірде-бір киімі жоқ. Кітабы, дәптері, қаламы қайдан болсын? Ал оны алып беретін әке-шешесінің түрі анау. Маскүнем әкесі үйге бірде келсе, бірде келмейді. Оның келгенінен келмегені жақсы. Үйге үсті-басы сасып, беттері домбығып келеді. Шешесі шырылдайды.**

БҰЗЫҚТЫҢ ҚҰЛАҒЫ



– Мына балаларың аштан бұратылып жүр. Қайыр сұрауға ұялады. Үстінде іліп алар киім жоқ. Ал, сенің ауызын арақтан босамайды. «Әке» деген аттан садақа кет,– дейді күйінген шешесі.

Әкесі кейде әйелінің сөзін сұлқ тыңдайды. Кейде сөз көтере алмайды. Мұндайда шарт ашуланып, әйеліне қол жұмсайды. Бұл үйде береке болмайды. Жұмабек екі бауырымен түпкі бөлмеге кіріп, жатып қалады. Әлден соң шешесінің өксіп жылағанын естиді. «Осыдан үлкен болсам, сені өлтіремін!» дейді іштей Жұмабек әкесіне кіжініп.

Ол бірде інілері «тамақ-тамақ» деп қыңқылдай берген соң көшеге шықты. Ойы тамақ тауып әкеліп, інілерін қуанту. Бірақ сол күні қолына ештеңе ілікпеді. Ал ертесіне ол бір үйдің асханасына ұрлыққа түсті. Бір дорба азық-түлікті тығып қойып, інілерімен оңаша жеп жүрді. Дорба орталана бере Жұмабек қайта жолға шықты. Бөтен біреудің үйіне ұрлана кіргенде жүрегі атқақтайтын еді, бірте-бірте ұрлыққа бойы үйрене бастады. Алайда асханасын ашық тастайтын аңқаулар табыла бермейді.

Осындай сүреңсіз күндердің бірінде ол бір топ көше балаларына жолықты. Әуелі олар бұдан қалтасындағы барын тартып алмақ болды. Қалтасы тесік Жұмабекті бұзақылар жәбірлеп, соңынан жұдырықтап та алды. Ол үйіне жылап қайтты.

Арада екі-үш күн өткенде көше балалары оны ұстап алды.

– Түгі жоқ бейшара, көше кезіп неге жүр? – деп қағытты біреуі.

– Немене, қаңғыбаспысың? – деп сұрады екіншісі.

Жұмабек шынын айтуға мәжбүр болды.

«Атаман» ойланып қалды.

– Егер біздің командаға қосылсаң, жағдайын жақсы болады. Үстіндегі мына құрымнан құтыласың. Тамағың да тоқ болады, – деді «атаман».

Сол күннен бастап Жұмабек көше балаларына қосылды. «Атаман» егер біреу ұстап алса, команда туралы тіс жармау туралы бұған қатаң ескертті.

Жұмабектің жолы болды. Көп кешікпей ол теміржол вокзалы жанында жаңа достарымен темекінің түтінін будақтатып отырды. Аңқаулардың қалтасын үптеп кетуді, қараусыз қалған сөмкені жымқыруды бірте-бірте меңгере бастады. Есесіне, қалтасына ұсақ тиын-тебен түсетін болды. «Жарқын» өмірге еті үйренген ол үй бетін көруді қойды. Вокзалда, жертөлені, жылу құбырының үстінде түнеп шығу үйреншікті әдетіне айналды. Арагідік үйіне соғып аш-арық, азып-тозып отырған інілеріне азық-түлік тастап кетіп жүрді. Мұндайға олар шырылдап қалады.

– Кетпеші, аға! Сіз жоқта бізді папам мен мамам ұрады, – дейді шырылдап.

Жүрегі жұлым-жұлым болып Жұмабек көшеге жұлқынып шығады. Қайғысын ұмыту үшін әуелі бензин құйылған құтыны иіскеп жүрді. Келе-келе сырадан ауыз тиді.

– Міне, енді жігіт болдың! – деп «атаман» оның арқасынан қақты.

Жігіттің жолы жүрсе, оңғарылады екен. Бірде олар ұрлық үстінде ұсталып қалды. Полицейлер тергеп-тексергенде қасындағы балалардың бірқатары ауқатты отбасынан шыққаны анықталды. Оларды әке-шешесі келіп, түрлі жолмен үйіне алып кетті.

Жұмабекті Шымкенттегі қиын балаларды оқшаулау және бейімдеу орталығына апарып өткізді. Ол бұл жерде де тыныш жата алмады. Содан кейін Кентау қаласындағы арнайы мектепке жіберді.

Мұнда оны соңынан ешкім іздеп келмеді. Келе алмайтын да еді. Екі інісін ойлағанда Жұмабектің іш-бауыры езілді.

– Сені ешқашан қиындықта қалдырмаймыз, – деген достары сатып кетті.

Ол тағы да жалғыз қалды.

Жасырып-жабулайтын ешнәрсесі жоқ, бүгінде бауыр еті – балаларының тағдырына немқұрайды қарайтын отбасылар көбейіп барады. Бұған көз жеткізу аса қиын да емес. Мәселен, Шымкент шаһарындағы оқшаулау және бейімдеу орталығына бара қалсаңыз, ата-ананың уысынан шығып кеткен небір баланы көріп, жүрегіңіз жаншылады. Ата-ана қарауынсыз көше кезген, қоғамдық орындарда тәртіп бұзған, үй бетін көрмей қайыршылықпен айналысқан балаларды полиция қызметкерлері әр жерден ұстап әкеліп, тиісті хаттама толтырып, осында әкеледі. Егер-әки, ата-анасы табылып жатса, оларға айыппұл салады. Әке-шешесіне айтарын айтып, баласын жетелетіп жібереді. Тіпті тәрбиеге көнбей бара жатса, Кентау қаласында арнайы оқшаулау мекемесі бар. Сонда аттандырады.

Кентау кентіндегі көрініс күрделі. Мұнда әркілы бала түседі. Түріне қарасаң, момын-момақан көрінгенімен, бесіктен белі шықпай жатып, небір пәлені көрген, өзі де қатысқан.

«АТАМАНЫ» КІМ?

Сұмдық та болса бір сыр айтайық. Осыдан бірер жыл бұрын осы мектеп-мекемеге 13-ке енді толған жасөспірім қыз түсті. Беті әбден ашылған осы қаршадай қыз қырғын салған. Келген күннен орталықты улаған-шулаған етіпті.

– Бұл қаршадай неме мектеп көрмеген. Әкесі жоқ. Шешесі – маскүнем. «Шеше көрген» қаршадай қыз кез келген еріккен еркектің ермегіне айналған. Осы өмірі өзіне қызық. Оны Кентаудағы арнайы мектепке жібердік, – дейді Шымкенттегі қиын балаларды оқшаулау және бейімдеу орталығының директоры Бимен Жұмаханов.

Тұлдыр тағдыр-ай десеңші, бұл қыз бала отбасында дұрыс тәрбие көрсе, әке-шешесінің жылы алақанын сезінсе, еркелеп өсетін жаста емес пе? Оны ересектердің қатыгездігі осындай халге жеткізген. «Обал болды-ау, он екіде бір гүлі ашылмаған балауса қыз ғой» демеген ересектерге не дерсіз? Шешесі «шалқып» жүргенде шарасыз қызды оспадарсыздар ойынына салып жіберген үлкендерге үрейлене қарау керек шығар-ау. Әрине, құрғақ уағыз, жалаң ақыл айтумен қыз тағдыры орнына келмейді.

Тәртіп бұзған жасөспірімдердің тағдырына талдау жасап көрдік. Жағдай көңіл көншітпейді.

Оңтүстік Қазақстан облысы ІІД әкімшілік полициясының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Ғалым Жетібаев «Жасөспірімдерді жұмысқа тарту оның ата-анасының келісімімен екі сағаттан төрт сағатқа дейін жүргізілуі керек. Алайда бұл заңдылық сақтала бермейді. Білім қызметкерлерімен бірігіп рейд жасап тұрамыз. Былтыр жазда Мақтарал ауданына барғанымызда аптап ыстық астында мақталықта жұмыс істеп жатқан балаларды көріп хаттама толтырдық. Ал әке-шешесі не дейді? «Баламызды өз шаруамызға неге жұмсай алмаймыз? Еңбекке тәрбиеле дейсіздер. Бұл еңбек емей, немене? Сондықтан біздің құқыққа қол сұқпаңыздар!», – дейді ата-аналар. Біздің міндет – қылмыстың алдын алу, болдырмау және әкімшілік жазаға тарту. Ал балаларын жүгенсіз жіберген ата-аналарға айыппұл салатын еңбек инспекциясы», – дейді.

– Статистикалық мәліметтерде жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылық өсіп барады. Мұның сыры неде?

– Былтыр түнгі ойынханаларда отырған бала жүзге жуықтады. Түнгі клубта жүретін балалар да азаймай отыр. Былтыр баласын бақылаусыз қалдырған 700-ге жуық ата-анаға әкімшілік шара қолданылды. Жұмысты сылтау етіп, бала-шаға тәрбиесін жиып қоятындар бар. Оларға ҚР әкімшілік кодексінің 127-бабымен шара қолданамыз. Үш жастан он сегіз жасқа дейінгі бала, бозбала түнгі он бірден таңғы сағат алтыға дейін сыртқа шықпай, әке-шеше қамқорлығында болуы керек. Мұны үлкендер жақсы біледі. Сөйте тұра, балаларын қараусыз, бетімен жіберетіндер көбейіп келеді. Соның салдарынан бала ұрлау, зорлап жыныстық қатынас жасау, ұрлыққа қатысу фактісі көбейіп жатады. Мектеп қабырғасындағылар атамандыққа, лидерлікке таласып, бір-біріне қару кезенеді. Ал қаруды заңсыз сақтау биылдан бастап қылмыстық іс болып саналады. Демек, ендігі жерде балаларына қару ұстатқан немесе қараусыз жіберген ата-аналар да жауапсыз қалмайды,– дейді полиция подполковнигі Ғалым Жетібаев.

Айталық, 2015-2016 оқу жылының басында өзін «атаман» жариялаған 200-ден астам оқушы анықталған. Бұлардың сабақ үлгерімі төмен болып шыққан. Әке-шешесімен сөйлескенде олар балаларының мектептегі түгілі үйде нендей шаруамен айналысатынын білмеген. Бірқатар баланың әкесі жоқ, жетім екен. Әрине, мұндай балалар іштей булығып өседі. Өзгелермен өзін тең ұстағысы келеді. Өжеттері сөйтіп «бірінші» болуға ұмтылады. Бай-бағландардың балалары оларды біріншілікке маңайлатқысы келмейді. Жоғары сынып оқушылары махаббат үшін де бір-бірімен төбелесіп қалады. Осы ретте тәртіп сақшылары мен ұлағатты ұстаздар бірлесіп қимылдауы тиіс. Өйткені, жасөспірімдердің жан дүниесі өте нәзік. Оларды түзеймін деп отырып, теріс жолға салып жіберуіміз мүмкін. Ендеше, бала тәрбиесінде де тектілік керек.

«Ешкім ұлым құл болсын» деп тәрбиелемейді. Олар құл болмас үшін саналы тәрбие, сапалы білім берген жөн. Ал бала тағдырына немқұрайды қарайтын отбасыларға ерекше заң керек тәрізді. Өйткені, дамыған отыз елдің қатарына қосылуға ұмтылған мемлекетті желіккен бозөкпелер емес, елінің пайдасына қайрат көрсететін, өмірлік мұратын айқындаған жастар көтереді. Ендеше, жас өскіндерді қазірден тәрбиелейік, жолға салайық! Ертең бармақ тістеп, өкініп қалмайық.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Шымкент

4 ЖҚ NARYQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Серпін

ОСЫ АПТАДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК» САРАЙЫНДА ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ III ЖИНАЛЫСЫ БОЛДЫ. ОҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ БЮРОСЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ В.ЛОССЕРТАЛЕС, ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ А.МАМИН, «АСТАНА – «ЭКСПО-2017» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ А.ЕСІМОВ, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Ә.ИСЕКЕШЕВ ЖӘНЕ 326 ЖУЫҚ ШЕТЕЛДІК АРНАЙЫ ШАҚЫРЫЛҒАН МАМАН ҚАТЫСТЫ.

В.ЛОССЕРТАЛЕС: БҰЛ ЭКСПО – МЕНІҢ 25 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТІМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІГІ

Жиналыс барысында шаһар басшысы Әсет Исекешев: «Биылғы жылдың мамыр айында екі бірдей нысан пайдалануға беріледі. Астана халықаралық әуежайындағы жаңа терминалдың құрылысы аяқталады. Нәтижесінде жолаушыларды өткізу мүмкіндігі 7,6 миллионға дейін артады. Сондай-ақ жаңа теміржол вокзалының да құрылысы аяқталады. Вокзал пайдалануға берілгеннен кейін жылына 9 миллионға жуық адамға дейін қызмет көрсете алады. Бұл Қазақстанның барлық аймағынан келетін қонақтар мен таяу шет мемлекеттерден келетін туристердің ЭКСПО-ға емін-еркін келіп кетуіне қолайлы жағдай жасайды», – деп жақсы хабарды сүйіншілей жеткізді.

Нақты ресми мәлімет бойынша, 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне 112 мемлекет пен 18 халықаралық ұйым қатысады. Келген қонақтардың орналасуы мәселесі турасында қала әкімі «Астанада қазіргі кезде 169 қонақүй және 36 хостел бар. Сондай-ақ халықаралық көрме алдында тағы 16 қонақүй ашылады. Одан бөлек, жалдамалы пәтерлердің санын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Жалға берілетін пәтерлердің саны 10 мыңның көлемінде. Негізі, ЭКСПО-ға 35 мың орын дайындауды жоспарлап отырмыз», – деп дайындық барысын айтып өтті. Ал «Астана «ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов алқалы жиында шетелдерден келген ресми өкілдердің назарына: «Көптеген ел құрылыс жұмысына кірісіп те кетті. Көрме басталған күнге дейін бар-жоғы 108 күн қалды. Сол себептен басқа да қатысушылардың өз павильонын ретке келтіру бойынша жұмысын тездетуге шақырамыз», – деп мәселенің алдын алды. А.Есімовтің мәлімдеуінше, шетелдерден келетін қонақтарға барлық жағдай жасалады. Мысалы, Бірыңғай қызмет көрсету орталығы іске қосылды. Онда «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс жүргізілмек. Салық, банк, сақтандыру және басқа да мемлекеттік қызметтерді алуға болады. Ұлттық секция комиссары мен олардың отбасы мүшелерінің қоныстануы үшін ЭКСПО аумағында арнайы 1374 пәтерден құралған қалашық салынған екен.

Алқалы жиналыста Халықаралық көрмелер Бюросының Бас хатшысы В. Лоссерталес алдағы көрме аясында «Ғарыш» сыйлығы табысталатынын жеткізді. «Мұндай марапат бұған дейін тек 4 көрмеде ғана берілген. Жеңімпазды Халықаралық көрмелер бюросы мүшелерінен құрылған қазылар алқасы тағайындайды. «ЭКСПО-2017» бастау алғаннан кейін сарапшылар көпшілік назарына ұсынылған барлық жобаларды зерттеп, арасынан әлеуметтік маңызы зор бастаманы іріктеп алады. Көш бастаған елдің өкілдеріне 20 мың еуро көлеміндегі «Ғарыш» сыйлығы табыс етіледі», – деп сыйлықтың Астана қаласында табысталуының маңызы зор екенін білдірді. Сонымен қатар жиын барысында Висенте Лоссерталес мырза «ЭКСПО-2017» көрмесінің ұйымдастырушыларының жұмысын жоғары бағалады. Әсіресе, Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың ұлттық компанияға көрмеден кейін оның нысандарын пайдалану бойынша міндет жүктегенін халқына жаны ашыған ақыл адамның кеменгер ісі деп айрықша бағалады. Бас хатшы халықаралық IT-стартап технопаркі, «Жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобаларды дамытудағы шетелдіктердің үлесі жөнінде: «Барлығы ұйымдастырушылардың жұмысына байланысты. Қытайда өткен бесінші ЭКСПО көрмесіне келген шетелдіктердің үлесі 5-7 пайыз көлемінде болды. Ал Еуропадағы көрмелерге шетелдік туристердің үлесі 30 пайызға дейін жеткен еді. Өйткені мемлекеттердің бір-біріне жақындығы, транспорт жағы қолжетімді. Қазақстанға келеді деп күтіліп отырған 15 пайыз – бұл шындыққа сай келеді. Осының өзі – үлкен көрсеткіш», – деді. Сондай-ақ оның айтуынша, 302 млрд теңгеге дейін үнемдей отырып, жобаны жоғары сапада ұйымдастыру бұл мемлекеттік қаражатты дұрыс басқарудың белгісі. Бас хатшы «Бұл жобаға бөлінген қаржы үнемделді. Бірақ сол ақшаға жоспарланған шараның бәрі толығымен орындалды. Бір сөзбен айтқанда, үнемдеген ұтылған жоқ», – деді. «Біз нысанды аралап, инновациялық сәулетке ғана емес, интерьер сапасына, павильон конструкцияларының сапасына баға беріп, тақырыптық павильондарды да көрдік. Осы нысандардың мәдениетімен таныстық. Олар біздің талаптарға толығымен сай келеді. Менің ойымша, бұл ЭКСПО-да өткізген 25 жыл қызметімдегі ең жоғарғы сапа», – деп өз ойын түйіндеді В.Лоссерталес. «Халықаралық қатысу», «Болашақ энергиясы» форумы және «Көрменің коммерциялық қызметі» таныстырылымдары бойынша өткен секциялық жиналыстарда алдағы көрменің өту барысы кеңінен талқыланды. Шетелдіктермен байланыс орнату, халықаралық бәсекелестік бағытындағы секция отырысына қатысқан Астана ЭКСПО-2017 көрмесінің ресми серіктесі – «E-venti Kazakhstan» компаниясының жоба менеджері Оксана Самокейш: «Біздің компанияның бас штабы – Милан қаласында орналасқан. Біз, Астана ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің жоғары дәрежеде өтуіне, сондай-ақ демеушілер мен кәсіпкерлердің осы көрмеге келіп, атсалысуын қамтамасыз етеміз. Негізгі қызметіміз – ЭКСПО-Астана көрмесіне қатысушыларды тарту, қарым-қатынас орнату десек болады. Павильондарды ұйымдастырып, қолданыстағы қызметтерді қамтамасыз ету, өнім берушілермен байланыс орнату жағымен айналысамыз. Мұның сыртында ұйым арнайы іс-шараларды белгілі бір тақырып аясында өткізеді. Мысалы, ұлттық мейрамдар, тұсаукесерлер. Қысқаша айтсам, Астана бизнес хабқа айналу үшін жан-жақты насихат жұмыстарын жүргіземіз», – деп серіктес компанияның жұмысын таныстырды.

Сонымен, екі күнге созылған халықаралық қатысушылардың жиналысында дайындық жұмыстары қорытындыланып, көрме аумағындағы павильондары, көрме нысандарымен танысты. Шетелдіктер өз ұсыныс-тілегін айтып, ұйымдастырушылармен пікір алмасып, Басқарушы комитет мүшелері мен Халықаралық көрме Бюросының Бас хатшысы ортақ келісімшартқа қол қойып, дайындық жұмыстарына оң баға берілді.

ЭКСПО барысында Шанхай және Ислам ынтымақтастық ұйымдарының саммиті мен халықаралық «Әйелдер» форумы, әр елдің ұлттық мейрамы, білім мен технология бойынша бірінші жиыны, энергетика және туризм бойынша министрлердің кездесуі, мұның сыртында үш ай бойы 3 мыңнан астам түрлі іс-шаралар өтпекші. Жиын барысында көрменің жақсы өту үшін Елордамыздағы қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, мыңға жуық адамның жұмысқа тартылатыны белгілі болды.

Сөзімізді түйіндесек, жиынға қатысушылардың барлығы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі арқылы дүниежүзі елдерінің назары – Қазақстанға, Астанаға ауатынын жеткізді. Жаһандық дәрежедегі аса ірі жобаның ел абыройын арттыруға зор үлес қосары анық.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
Астана қаласы

Шара

Биыл елімізде жаңа Кедендік кодекс қабылданады. Ұлттық экономика министрлігі хабарлағандай, жаңа құжат Еуразия экономикалық одақ аясындағы тауар тасымалына оң септігін тигізбек.

КЕДЕНДЕГІ КЕДЕРГІ КЕМИДІ

Сондай-ақ қолданыстағы өзге де заңдарға сай әзірленіп, кедендік кедергілерді азайтуға бағытталған.

Жалпы биыл ел экономикасының өсімін мұнай өндірісі, Үдемелі индустриалды-инновациялық жобалар және «Нұрлы жол» бағдарламасы қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, транзиттік жүк тасымалы артып, бюджет бүйірі толығуы мүмкін. Оның үстіне, алдағы онжылдыққа арналған жаңа стратегиялық жоспар әзірленді.

Түйткіл

Батыс Қазақстан облысында кәсіпкерге салынған 16 млн теңге айыппұл 30 мың теңгеге дейін азайтылды. Миллиондаған айыппұлды төлеуге міндеттелген кәсіпкердің «жазасы» қалайша жеңілдегені жайында Бас прокурордың орынбасары Андрей Кравченко хабарлады.

АЙЫППҰЛҒА КӨМІЛГЕН КӘСІПКЕР

Оның айтуынша, Батыс Қазақстан облыстық прокуратураның сенім телефонына

Нығметов деген жеке кәсіпкер шағымданған. Ол өзіне қатысты 16 млн теңге көлеміндегі айыппұлдың салынғанын жеткізеді. «Біз осы мәселені зерделеп, заңның мүлдем басқаша қолданылғанын анықтадық. Сөйтіп, прокуратура органдары Мемлекеттік кірістер департаментіне қарсылық жолдады. Себебі айыппұлды дәл сол департамент салған. Ақырында айыппұлдың көлемі 30 мыңға азайды. Енді қараңызшы, кәсіпкерге салынған айыппұл 16 млн теңгеден 30 мың теңгеге *(533 есеге – авт.)* төмендеді. Айыппұлдың айырмашылығы жер мен көктей», – дейді Кравченко. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, өткен жылы кәсіпкерлердің тарапынан 20 мың арыз-шағым түскен.

Бір анығы

«Бағаны, жалақыны, көлік пен пәтер құнын долларда санауды доғару қажет. Біз АҚШ-та емес, Қазақстанда тұрып жатырмыз». Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов доллар бағамымен бірге азық-түлік бағасының неге төмендемейтінін түсіндіру барысында осылай мәлім етті.

МИНИСТР:

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ДОЛЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫ ЖОҚ

Министр «Экономист ретіндегі жеке пікірім – олар доллар бағамымен бірге төмендемеуі керек. Өзіміздің экономикамыз бар. Біз тауарды өзіміз шығарамыз. Тауарымыздың бағасы теңгеден жасалады. Сондықтан долларға байлап ұстаудың қажеті шамалы», – деп атап өтті. Оның айтуынша, инфляция мен валюта бағамы бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, тауар бағасы тікелей долларға бағынышты емес. Ол «Бізде импортқа тәуелділік барын түсінемін», – деді. Дегенмен, өзіміздің өндірісті ұлғайту арқылы бұл мәселені де шешуге болады деп отыр.

Аптаның өтініші

Бақыт СҰЛТАНОВ,
қаржы министрі:

«Мемлекет басшысы қадап айтқан мәселелердің бірі – тексерудің саны. Былтыр өткен 76 мың тексерудің төрттен бірі, яғни 23 мың тексеру рейдтік тексеру болды. Тексерудің көбі кассалық аппараттың бар-жоғын қарау. Осы 23 мың тексеруді өткізбей-ақ қойсақ та болар еді. Тексеру жүргізетін әрбір адам өз аумағындағы кәсіпкермен тығыз жұмыс істеп, алдын ала ескерту қағазын таратса, жеткілікті. Мен де қазір кәсіпкерлерге өз ойымды айтқым келіп тұр. Сіздерден өтінерім, кассалық аппаратты орнатыңыздар. Сонда сіздерді ешкім тексере алмайды, рейдтік тексеру өткізіп, қинамайды»

Нәтиже

«Биылғы жылы қант қызылшасының егістік алқабын 9 мың гектарға жеткіземіз. Одан 300 мың тонна өнім жинап, 30 мың тонна қант алуды жоспарлап отырмыз». Бұл туралы Алматы облысының әкімі Амандық Баталов тұрғындар алдындағы есепті кездесуінде мәлім етті.

ҚАНТ ИМПОРТЫ АЗАЯДЫ

Сондай-ақ биыл Алматы облысында қант қызылшасын дамыту бағытында қолға алынған шара нәтижесінде облыс тұрғындарының қантқа деген сұранысының 84% қанағаттандыруға, сол арқылы импорттың көлемін азайтуға мүмкіндік бар. Есепті кездесуде айтылған мәліметтерге сүйенсек, соңғы екі жылда Алматы облысында қант қызылшасын себу 6,5 мың гектарға жеткізілген. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, 10 сервистік-дайындау орталығы құрылған. Тағы 4-еуі биылғы жылы Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандары мен Қапшағай қаласында ашылады. Сонымен қатар өнім қабылдауға қолайлы жағдай жасау мақсатында қызылша жинайтын қосымша екі алаң дайындалады. Оның бірі – Сарқан ауданының Қойлық ауылында орналаспақ.

Бәрекелді!

Маңғыстау өңірінде түйе сүтінің экспортқа шығатын күні алыс емес. Ол үшін бірлескен кәсіпорындар құрып, жергілікті кәсіпкерлердің білімін жетілдіру, сүт және ет өнімдеріне сұранысты арттыруға жұмыс істеп жатыр.

ШҰБАТ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ресми сайтында жарияланған ақпаратқа көз жүгіртсек, еліміз бойынша түйе басының 30% Маңғыстауда шоғырланған. 179800 түйенің бүгінде 48700 Маңғыстау өңірінде өсіріледі екен. Оның үстіне түйенің ерекше қасиеті – шөл және шөлейт жерлердің қатаң жағдайларына төзімділігі. Ал Маңғыстау – шөлді аймақ, жергілікті шаруа қожалықтары да көбіне түйе өсірумен айналысқанды жөн санайды.

Жаңа жыл қарсаңында «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігінің ұйымдастыруымен Дубайда отандық тауар өндірушілерінің форумы өткен болатын. Оған Маңғыстау индустриалдық палатасы жанынан құрылған «Болашақ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің қызметкерлері де қатысты.

Араб елінің жергілікті халқы Маңғыстаудан апарған түйе сүтінің дәмін татып, үлкен қызығушылық танытқан. Себебі Маңғыстаудағы түйе сүтінің майлылығы 6,7% болса, араб елінде өсірілетін түйе сүтінің майлылығы 3,4% аспайды. Сондықтан да жергілікті сүтті Араб Әмірлігінің кәсіпкерлері сатып алуға дайын және экспортталғанын қалайды.

Айта кету керек, Дубайда түйе фермалары мен сүт өңдейтін зауыттар көп. Түйе сүтінен йогурт, балмұздақ, кәмпит, ірімшік, май және т.б. сүт өнімдер шығарылып, Еуропа елдері мен Ресейге экспортталады. Сонымен қатар алдын ала ауызша келісім бойынша төрт түлікті ұрықтандыру ұсынысы да сөз болды. Бұл бастама тәжірибе ретінде қолға алынуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Маңғыстау облысындағы бес ауданда *(Түпқараған, Қарақия, Мұнайлы, Маңғыстау, Бейнеу)* және Ақтау, Жаңаөзен қалаларында түйе сүтін қабылдайтын орындар ашу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Төрт түліктің төресі түйені дана халқымыз «Мінсең – көлік, жесең – ет, ішсең дәмді сүт» ретінде пайдаланып келеді. Түйе сүті мен етінен бас тарта қоймасы анық. Сол себепті сөзден іске көшетін кез әлдеқашан жетті. Ендігі жерде шаруа қожалықтарын қолдап, бизнесті дамытуға жұмыстану міндеті тұр.

Нұрбол ОҚУОВ,
Маңғыстау индустриалдық палатасы заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының кеңесшісі

КӨКЕЙКЕСТІ ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шиеленіс

Қырғызстан президенті Алмасбек Атамбаев Euronews телеарнасына сұхбат беріпті. Онда тұрған не бар? – деген сауал туындауы мүмкін. Бұл елде күзде президент сайлауы өтуі тиіс. Сондықтан түрлі мінберден жасалып жатқан мәлімдеме көп.

Мәселе бізге бауырлас халықтың басшысы не айтқанында. А.Атамбаев «2010 жылы Қазақстан бізге 1,5 ай бойы блокада жасаған кезде, тіпті адам шығыны да болды» депті. Ақиқатқа жүгінсек, сол жылғы сәуірде қырғыз елінде саяси төңкеріс болып, оқ атылғаны белгілі. Ондаған адам мерт болды. Жұрт жан-жаққа жөңкіле бастады. Қауіпсіздік пен заңсыз көші-қонға алаңдаған Қазақстан мен Өзбекстан қырғыз жерімен шектесетін ортақ шекарасын жапты. Шекараны жабу мен блокада жасаудың екі түрлі нәрсе екені әркімге де түсінікті болса керек. Атамбаев осы сұхбатында Өзбекстан туралы ләм демейді. Сол 2010 жылғы оқиғадан соң Қазақстан қырғыз еліне қайырымдылық көмек ретінде 30 млн доллар берді. Мұның 7 миллионы – құрылыс материалдары, ал 3 миллионы әскери салаға жәрдем болып табылады. Одан кейінгі жылдары да көмек үзілген емес. Ол бұл туралы да жақ ашпайды.

2014 жылы еліміз Қырғызстанға 100 млн доллар көлемінде грант бөлді. Сол кезде А.Атамбаев «Сөз жоқ, Қазақстанның да артық ақшасы жоқ. Дегенмен, Қазақстан Қырғызстанды қолдау мақсатымен 100 млн доллар бөліп жатыр. Бауырлас халық болған соң осылай жасайды емес пе?!» – деп еді. Шынымен де ұмытқаны ма?..

Алмасбек Атамбаевтың бұл сұхбатынан кейін еліміздің сыртқы істер министрлігі Қырғызстан елшісіне нота жіберді. Артынша көршілес жатқан елдің сыртқы істер вице-министрі Динара Кемелова президенттің сұхбатына түсініктеме беріп, оның айтқан сөзін құптаған сыңай танытты. Соңғы күндері қызу талқыланып жатқан тақырыпқа байланысты сарапшылардың пікірін білген едік.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Қырғыз президентінің мұндай мәлімдеме жасауына конъюнктуралық ішкі саяси жағдай себеп болуы мүмкін. Оның немен байланысты екенін бізге айту қиын. Саяси тартыс, саяси күштер арасындағы ішкі қарым-қатынастар болуы ықтимал. Қырғыз президенті «жағдайды осылай ушықтыру» арқылы қандай да бір ішкі саяси мақсаттарға қол жеткізгісі келуі әбден мүмкін. Десек те, халықаралық саясат, елдер арасындағы байланыс белгілі бір конъюнктуралық мәлімдемелер мен іс-қимылдардың өзегі болмауы керек. Өйткені бұл байланыстар біздің елдердің ұлттық мүддесін қозғайды. Осы жылдары бойы Қазақстанның қырғыз елімен сындарлы байланыс орнатып, оларға үлкен қолдау көрсетіп келе жатыр. Менің ойымша, әрине, мұндай мәлімдемелер біздің қарым-қатынасымызға жағымсыз әсер етеді. Десек те, Қазақстан әрі қарай да бұл елмен сындарлы байланысын белсенді түрде дамыта беретін болады. Еліміз барлық бірлескен жобаларды қолдап, азаматтардың екі ел арасында жүріп-тұруына жағдай жасайды. Ынтымақтастықтың трансшекаралық бағытын дамыта береміз»

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ҰМЫТТЫ МА?

ҚЫРҒЫЗДАР НЕ ДЕЙДІ?

Алмасбек Атамбаев егер де тиімді болса, дұрыс әңгімені де, бұрыс әңгімені де қозғайды. Оның Euronews-те айтқан сөзі қырғыз қоғамына ұнап отыр. Ол да ең алдымен өз халқына жағатын сөзді айтады. Жалпы популистің басқа саясаткерден айырмашылығы, бүгін не тиімді, соны айтады. Ертең кешегі айтқан сөзіне қайшы пікірде болуы мүмкін. Менің ойымша, оған аса назар аудармаған абзал. Жалпы, қазіргі таңда қазақ-қырғыз қарым-қатынасына көңіл бөлейік. Осыған дейін екі ел арасында талай келіспеушілік орын алды. Сол кезде басу айтатын, ортақ келісімге шақыратын адам қалмаған сияқты. Бұрын айырқалпақты ағайындар «шоң бауырымыз» деп құрметтеп отырушы еді. Қазір оның бірі жоқ. Бұл жалпы бүгінгі конфигурация үшін емес, жалпы болашақтағы қарым-қатынасымызға кері

Айдос САРЫМ, *саясаттанушы:*

САЯСИ ПАРТИЯСЫ ДА СЫНАУҒА ДАЙЫН

әсерін тигізеді. Қарапайым қырғыз азаматтарының қазаққа деген көзқарасы жақсы болмай тұр. Кезінде Мұхтар Шаханов ағамыз елші болды. Сол уақытта ол тікелей президентке шығып, «Мынадай шара өткізсек, қалай болады?» — деп ұсыныс жасай алатын. Бұл сөзімді көп адам құптайды деген ойдамын. Бүгінде сондай беделді елші жоқтың қасы. Шыңғыс Айтматовтың кезінде екі ел арасындағы зиялылардың байланысы дұрыс болды. Қандай жағдай болмасын басу айтып, ортақ шешімге келетін. Жаңағыдай әңгіме шыққанда сол елдегі зиялы қауым өкілдері президентке тікелей шығып, «Сіз не айтып отырсыз? Екі елдің туыстығына, қарым-қатынасына сызат түсіретін сөзді айтуға қалай дәтің жетті» — деген сыңайда әңгіме айтар еді. Айырқалпақты ағайындарда болған екі төңкеріс елдің саяси элитасы мен саяси риторикасын тым жұқартып, жұпыны етіп жіберді. Біз бүгіннен бастап екі елдің қарым-қатынасын, болашағын ойлайтын саяси элита қалыптастыруымыз керек. Мен қырғыз елін жақсы білетін азаматтардың бірімін. Онда ешбір саяси партияның Ресейге қарсы шығу керек деген ойы жоқ. Ал біздің елді сынауға көбісі дайын отырады. Бүгінде, тіпті сол елге ықпал ете алатындай басылым ашуымыз керек шығар. Қырғызстан қазақтың қай газетін оқып жатыр? Қай басылымымызға арқа сүйеп «Бұл жерде мынадай мәселе көтеріліпті» — деп айтты? Мен естімеппін. Ресейдің, АҚШ-тың Қырғызстанға өтімді баспасөз құралы бар. Біздікі қандай? Осындай кешенді мәселені де шешу керек.

Кенешбек ДҮЙШЕБАЕВ,
Қырғызстанның ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшысы:

«Президент Атамбаевтың шілде оқиғасы кезінде шиеленіс аумағына барғаны есімде жоқ. Оны күзету ұлттық қауіпсіздік қызметіне жүктелген. Сондықтан біз оның қозғалысын бақылап отырамыз. Бізге айтпай баруы мүмкін. Роза Отынбаеваның *(Қызырғызстан бұрынғы президенті – ред.)* оқиға орнында болғаны есімде. Жалпы, ол *(А.Атамбаев – ред)* мұндай мәселені көтергенде эмоцияға беріліп кетеді»



Даниел ҚАДЫРБЕКОВ,
қырғыз саясаттанушысы:

«Президент еуропалықтарға ұнауға тырысты. Бірақ ол жақта оның айтқанының бәрін шындық деп қабылдамайды. Алдымен бәрін сараптайды. Егер де айтқаны өтірік болып шықса, ұят болады. Бұл елімізге теріс әсерін тигізуі мүмкін. Сол себептен мұндай мәлімдеме жасамас бұрын тыңғылықты дайындалу керек»

Жұмақадыр АКЕНЕЕВ,
қырғыз экономисі:

«Сәуір төңкерісінен кейін Қазақстанның шекараны 45 күнге жапқаны рас. Бірақ соның кесірінен «адам өлді» деп айту шындыққа жанаспайды»

azattyq.org (Қырғыз редакциясы)

Егер де осы аптада Алмасбек Атамбаевтың Euronews телеарнасына берген атышулы сұхбатын Қырғызстан тарапынан қарайтын болсақ, өте өкінішті жағдай. Себебі бұл Атамбаевтың ойланбай айтқан бірінші мәлімдемесі емес. Кезінде Түркияның сыртқы істер министрінің мәлімдемесін де сыбап тастады. «Егер де ол сондай ақылды болса, өз еліндегі төңкеріс әрекеті қарсаңында неге «ұйықтап» қалған? Бізді оқытудың қажеті жоқ, біз — қалай өмір сүруді білетін егемен елміз», — деді Атамбаев. Бір уақыттары Тәжікстанмен шекараны жауып тастағанын да білеміз. Өзбекстан мен арадағы жағдай мәз емес. Өткенде ғана оның «Ресей Нарындағы су электр стансасын салу туралы шартты бұзды», — деп айыптағаны есімізде. Логикалық тұрғыдан қарасақ, кезек елімізге келді. Жалпы Атамбаев өткен

Дәурен БАБАМҰРАТОВ,
саясаттанушы:

АТАМБАЕВ ӘДЕЙІ АЙТТЫ

жылдың тамыз айында Шолпан Ата қаласында журналистермен кездесу барысында, Қырғызстанда төңкеріс болған уақытта Қазақстан екі ел арасындағы шекараны жапқанын айтты. Тіпті соның кесірінен адамдар өлді, — деді. «Сол себептен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болудың өзі бауырлас елдердің арасындағы жасанды кедергілерді алып тастауға көмектеспейді» — деген еді. Осылайша ол бір мезетте өзіне жақын саяси серіктестерінен айырылатын түрі бар. Көршілес елдермен қарым-қатынасқа сызат түсіргені өз еліне қастандық жасау екенін ертерек түсінгені абзал. Енді көршілерден Алмасбек ренжітпеген Қытай ғана қалды.

Оның елімізге таққан айыбына келетін болсақ, Euronews бір Қырғызстандағы аудандық телеарна емес, бұл бүкіл әлем көз тігіп отырған ақпарат алаңы. Еліміз осы телеарнаға ақылы түрде ЭКСПО сынды халықаралық шараларды көрсетіп жатыр. Бұл еліміздің имиджін қалыптастыру үшін жасалып жатқан шара. Ол өте дұрыс. Енді дәл сол Euronews-те Атамбаевтың елімізге күйе жағуы өте өзекті жағдай. Осы тұрғыдан алғанда, сыртқы істер министрлігінің бұл мәлімдемеге байланысты Қырғызстан елшісіне нота тапсыруы орынды. Әлемге ықпалы бар ақпараттық арнада еліміздің сыртқы саясатын теріс жағынан сипаттайтын дүниенің болғаны бізге үлкен соққы. Себебі 2010 жылы екі ел арасындағы болған жағдайды әлем біле бермейді. Білген күннің өзінде ұмытылған. Енді Атамбаевтың қайта көтеруі шетелдіктердің бізге деген көзқарасын өзгертетіні белгілі. Тағы бір мәселе, Атамбаев бұл мәселені әдейі айтты ма, әлде кездейсоқ болды ма? Одан кейінгі Қырғызстанның жауабына қарағанда, бұл кездейсоқ болмаған. Менің ойымша, әдейі айтылған. Қырғызстан сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Динара Кемелова түсініктеме берді. Ол «Бұл Қырғызстан президентінің кездейсоқ айтқан мәлімдемесі» — дегенде әңгіме жабылғандай болар еді. Алайда Кемелова да 2010 жылы бір жарым айдың ішінде дәрінің тапшылығынан ауыр науқастар арасында өлім көп болғанын, шекараның жабылуы азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт төмендеуіне алып келгенін еске салды. Бұдан түйгеніміз, Атамбаев әдейі айтқаны болып тұр. Менің түсінуімше, Қырғызстан президентінің елімізге өкпесі қара қазандай. Бұл сол өкпесін жеткізудің формасы болды деп ойлаймын. Бірақ ол қандай реніш болмасын, оны дәл осылай жеткізуі дұрыс болмады. Жалпы бұл халықаралық саяси этиканың бұзылғанын көрсетеді. Сұхбат барысында Қырғызстанның қанша азаматы Ресейде жұмыс істеп жүргенін айтты. Алайда еліміз туралы айтпаған. Бүгінгі таңда 100 мыңнан астам қырғыз азаматы елімізде еңбек етіп жүр. Бұдан бөлек, қанша жақсылық жасағанымызды біле тұра, Атамбаевтың мұндай қадамға барғанын түсіну өте қиын.

Енді «Атамбаевтың айналасындағы елдермен не үшін қасақана ұрыса береді?» — деген сауалға жауап беріп көрелік. Оның мен тек бір жауабын көремін. Ол АҚШ-пен жақындасқысы келеді. Мүмкін осылайша алда келе жатқан президент сайлауында АҚШ-тан қолдау тапқысы келетін шығар. Ең бастысы, қойы қоралас, елі аралас қазақ-қырғыз халқының арасына сызат түспесін.

Сөз-жебе

«БІРДЕ-БІР САНТИМЕТР ЖЕР БЕРІЛМЕЙДІ»

Амандық БАТАЛОВ,
Алматы облысының әкімі:

«Қызметке тағайындалғанымда кабинетіме Қытайдың инвестор-миллиардері кірді. Ол шекара аймақтарындағы жерде егін шаруалығымен айналысқысы келді. Жартылай шөлге айналған жер учаскесіне ол өз қаражатынан коммуникация тартып, шөлде «оазис» жасағысы келді. Бірақ осындай стратегиялық аймақты жерді беруге бола ма? Бірде-бір сантиметр жерді шетелдіктерге бермейміз. Жер мәселесі ұдайы бақылауда»

Шындығы сол

БАЗАР ҚАЛА

Ақындар мен әншілер «Арман қала» деп әнге қосқан Алматы бүгінде алып базарға айналды. Теміржол вокзалы да, әуежай да базардың бір түрі болып тұр. Бұл туралы басқа емес, қаланың әкімі Бауыржан Байбектің өзі айтады.

Ол тұрғындарға есеп беруге арналған жиында «Біз бәрін базарға айналдырып жатырмыз. «Жібек жолы» қандай әдемі көше. Не болса, соны салып, күл-қоқысқа толтырып тастадық» – деді. Әкім айтуынша, туристер Алматыны «жағымсыз қала» деп айтады екен. Олардың бұлай деуіне қаптаған базар мен жәпірейген дүкендер, әр жерді жауып тастаған сұрқынсыз дуал негіз болып тұр екен. Бір қызығы, былтырғы есеп беруден кейін арада өткен бір жыл бойы қаланың ажарын қашырған қанша базардың жабылып, неше дуалдың құлатылғаны жөнінде айтылмады.

Бетті дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ

ХАКІМ АҒА, БАТЫР АҒА

ЕСТЕЛІК

(Жалғасы. Басы алдыңғы санда)

Егер Мәкеңнің сол ерлігін елпілдек біреу жасаса, Алматыны көшіріп жібере жаздап жүрер еді, ә?!.

...Шағын ғана шымыр денелі, қараторы өңді, кішірек нұрлы қоңыр көзді, салмақты мінезді, салиқалы сөзді, дос-жолдастары ортасында аңқылдап, әдемі, жарасымды әзіл-қағытпаны төгіп-төгіп отыратын абзал Хакең еліміздің тәуелсіздікке аяқ басуына, демократиялық қоғамды нысана етуіне бүкіл білім-беделін, қажыр-қайратын жұмсады. Демократиялық «Азат» қозғалысының, «Азат» партиясының құрылуына сіңірген еңбегі ерекше мол. Ол партияның біржылдығында жасаған баяндамасынан анық танылды. Ал «Блок оппозиции против бесчестия и развала страны» атты мақаласы елдегі саяси ахуалды талдау ғана емес, өзінің қалған ғұмырының бағдарламасы іспеттес те еді *(Хакең 1999 жылы тамыз айының 18-і күні кенеттен қайтыс болды)*.

Қайраткер өмірі қашанда қым-қуыт жәйттерге толы. Мәкең көзі тірісінде «Штрихи к портретам», «На грани... эпох», «Записки дипломата», «Ақиқатын айтқанда» деп аталған кітаптарын шығарды да, өнегелі өмір белестерінен бізге біраз мағлұмат берді. Айта алмай, жаза алмай кеткен жәйттері қаншама?!.

Ол аса білімдар еді. Үйіндегі кітапханасында әлемдік мәдениет пен өнердің, көркем әдебиет пен саясаттың, ғылым мен сәулеттің... небір құнды да сирек жинақ-еңбектері болатын. Ұзақ жылдардағы тым қарбалас күндерінде соның бәрін оқуға, әрқайсысынан қажетін алып жүруге уақытты қалай табатынына таңдана сұрақ қойғанымда қадірлі аға жылы жымиып: «Бәйбішем мен бала-немерелерімнен кейінгі серіктерім, сырластарым – осы мүлкім», дегені бар. Бірде маған телефонмен: «Ничто человеческое мне не чуждо» дегенді кім айтып еді?» деді. Үнінен қуақылық нышаны сезілді. «Е, баяғыдан білеміз ғой, Карл Маркс айтқан!» дедім. Ол балаша мәз бола күліп: «Оқу керек, жолдас, оқу керек. Оны көне Римнің драматургі Терренцидің бір кейіпкері айтыпты, онда Карлды қойып, Маркстың да бабасы тумаған!» деді. Енді бірде әлдебір бұйымтайым болып хабарласқанымда: «Мен бір кітап оқып отырмын, осы әлгі «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі» деп басталатын өсиетті кім айтып еді, есінде ме?» дегені. Тағы бір «қақпан құрғанын» сездім де, қалай құрсаң да тұтылмаспын деген сеніммен: «Николай Островскийдің «Құрыш қалай шыныықтысын» мен де жаттап өскенмін, Хаке!» дедім. Ол тағы күліп жіберіп: «Островский оны орыстың мықты сыншысы Писаревтен алыпты, оқу керек қой, жолдас сатирик!» деді. Осындай өнегелі әзілге де бай еді.

Аяулы Мәке-Хакеңнің сүйікті жары, сенімді серігі, парасатты, ардақты жеңгеміз Майя Ивановна естелік кітап шығаруды қолға алуыма өтініш білдірген соң марқұм ағамыздың қат-қабат қағаздарын ақтарып жүргенімде оқыған кітаптарынан көшіріп сақтап қойған бірер шумақ өлең, бірер сөйлем қарасөз үзінділерді көрдім. Мәселен:

«Аз халықпыз, алайда намысты халықпыз. Бауыржан Момышұлы» *(айтпақшы, Баукең бұл інісін өте жақсы көрді, атын атамай, «Медвежонок» дейтін. Екі Наркескеннің табыса білгендері!)*.

«Благо народа – вот высший закон. Цицерон».

«Истина – солнце разума. Вовенарт».

«Жить – это бороться; бороться – это жить. Бомарше» *(«Жизнь – борьба» деген бе еді К.Маркс?)*.

«Жүрегім менің қырық жамау
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден. Абай».

Ұлы ақынымыздың осы бір жаралы жан сыры беріде қаншама Хакең-Мәкеңнің тағдырынан тіл қатпады?!.

x x x

Хакім ағамен алғаш әңгімелескенім 1984 жылдың жазында *(егер жаңылыспасам, шілде айының аяқ шені)*. Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумдарында, ол өткізген о жиын мен бұ жиында, Жазушылар одағында кездесіп, ресми ғана сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, оңаша сөйлесіп көрмегенбіз. Бір күні, сағат 11-де, қабылдау бөлмедегі хатшы келіншек кіріп:

– Ағай, телефон тұтқасын көтеріңізші, Есенәлиевпін дейді, – деді.

– Қабышев тыңдап отыр, – дедім, тұтқаны алып.

– Әскери шеніңіз қайсысы? – дейді қуақы қоңыр дауыс.

– Сіз кімсіз? – дедім, тосын сауалына еріксіз таңданып, хатшы келіншек айтқан нысбысына ой жүгіртіп те үлгірмей.

– Есенәлиевпін ғой, Михаил Иванович, Сыртқы істер министрлігінен.

– Ә, Мәке, ассалаумағалейкүм!

– Уағалейкүмәссалам! «Қабышев тыңдап отыр» дегеніңізге қарағанда, ең бері қойғанда не капитан, не майор шеніңіз бар әскери адам болған шығарсыз деп қалдым, қателескен жоқпын ба? – дейді, жылы сөйлеп. «Оңбай қателестіңіз» дей жаздап қалып, тілімді тежеп үлгіріп:

– Әжептәуір қателестіңіз, Мәке. Мен әскердің маңына жоламаған жанмын, тым құрыса, Гитлердей ефрейтор да болып көрмедім, – дедім. Ол рахаттана күлді де:

– Республикалық «Ара-Шмель» сатира журналының Бас редакторында тура телефон жоқ па еді, цеканың служебный справочнигінен таба алмадым, – деді.

– Бар ғой. Біреу-міреуге керек болған соң алып қалған да, – деп едім, ол тағы күлді де:

– Ендеше, Ғабеке, сол нөміріңізді алып, маған келіп шығыңызшы, бір әңгіме бар. Орныңыз, бойыңыз үлкен болғанмен жасыңыз кіші ғой, тіл аларсыз, ә? – деп әзіл тастады.

– Мәке-ау, аға шақырғанда іниде табандар дәт бола ма, қай сағатта барайын?

– Түстен кейін қалаған уақытыңызда келе қалыңыз!..

Сағат 3-те *(15-те)* бардым. «Мир» көшесіндегі бір қабат ағаш үйдің кеңдеу бөлмесі. Министр емес, шірегенде

Алматыда батыр ғарышкерлермен кездесу, 1969 ж.

министрліктің бөлім бастығы отырар жұпыны кабинет. Мәкең орнынан домалана тұрып, үстелінен қолын ұсына шығып қарсы алды. Сәлемдестік, хал-ахуал сұрастық. Сәл қиыстау тұрған дөңгелек үстелше басына жайғастық. Шай алдырды.

– Кабинеттің кескіні осы, Сіздерде мұндай жоқ шығар? – деп жымиды.

– Мәке, айырбастайықшы, бізде қыста салқын, ал жазда ыстық, түстен кейін күн шақырайғанда төбемнен табаныма дейін терлеп есім шығады, – дедім. Журнал редакциясы Алматының әйгілі көкбазары маңындағы шыны-бетон 12 қабат ғимараттың ең үстіндегісінде еді. Мәкең күліп:

– Айырбастайық, – деді де, орнынан тұрып барып, бір ғимараттың шағын макетін алып келіп: – Міне, бұл – болашақ кеңсеміздің макеті, өзім айтып отырып жасаттым, келесі жылы осында отыратын боламыз, – деп, оның неше бөлме екенін, ішкі-сыртқы бейнесі қандай болатынын, төңірегіне тағы бірер ғимарат салынатынын, қазіргі отырған үйлерінің сақталатынын, себебі оның тарихи құрылыс екенін құдды сәулетшіше ғажап ықыластана әңгімеледі.

Біз жақсылап таныстық. Министрлігінің бүгіні мен ертеңі туралы ой толғады. Әдебиетке, өнерге, баспасөзге, біздің сатиралық журналға қатысты пікірлерін айтты. Әңгімеміздің аясы кең болды. Партияның Орталық комитетінде мәдениет бөлімін он екі жылдан астам басқарған Мәкең жайында көбінесе мақтау сөз естігенмін. Керісінше айтатындар да кездеседі, бірақ ондайлар аз-ды.

– Мәке, мына кездесуіміз мен үшін бір қымбат сәт болды, кілегей қатқан күрең шайыңыз қандай, шіркін! Көп-көп рахмет! Көп ұзамас келесі жолы әңгімелесерімізге шейін Сізге бүгінгі соңғы бір сұрағымды қояйын ба? – дедім. Ол кішкене көзі күлімдей қарап, басын изеді.

– Орталық комитеттегі жұмыстарыңызға ризасыз ба? Өкінішіңіз жоқ па? – дедім.

– Ризамын да... өкінішім де жоқ емес... – Мәкең сәл жымиып алды да, байсалды қалпына көше баяу сөйледі: – Заңгердің дипломымен дипломат міндетін атқардым. Басқасын айтпағанда, Орталық комитеттің мәдениет бөлімін он үш жылдай басқарғаным – сонша жыл дипломат болғаным. Әдебиет, өнер адамдарын өзің білесің, ортасында жүрсің, олардың қай-қайсысымен болсын дипломат тілімен сөйлеспесең, ол сүрінгенің ғой. Бір-екі сүрінген соң жығыласың, жатасың. Мәселен, егер жазушыларды айтсам: пікір таласынан жалықпайтын Ілияс Есенберлинмен, әншейінде студент сияқтанып жүрсе де, ой қақтығысында қайраулы қанжар болып кететін Әнуар Әлімжановпен, күндей күркірей қалатын Жұбан аға Молдағалиевпен, өзін-өзі биіктетіп сөйлеуге құмар Олжас Сүлейменовпен... қайсыбірін айтасың, кезкелгенімен даулы бір мәселені шешу дегенің – қып-қызыл от кешкендей қиындық. Тағы бір жазушымызға қалжыңдап айтқаным бар: сенімен түсінісуден гөрі мемлекетті басқарған оңай шығар деп. Шыны солай ғой, қалай, рас па?

– Білмеймін, мемлекет басқарып көрген жоқпын, – деп әзіл жауап қайтардым.

– Уәй, сатирик... Айтпақшы, осы сендермен, сатириктермен, істес болған емеспін, сендер, былайда шатақтау тәрізденгендеріңмен, дауласуға жоқсыңдар, а? – деді ол, қулана сөйлеп.

– Иә, біз дауға жоқпыз, жоғары-төменге арыз жазғанша әзіл-сықақ әңгіме-өлеңімізді жазып тыныш жүргенді ұнатамыз.

x x x

Қазақстанның демократияға аяқ басуына аса мол еңбек сіңірген кісі Хакім аға деп білемін. «Азат» қозғалысын ұйымдастырған үшеудің бірі. Қол ұстасып шыққан екі жолдасы басқа қозғалысқа әлдебір есеппен «қоныс аударып» кеткенде қыңқ етпей, игі ісін жалғастыра берді. «Азат» партиясын құрысып, төрағалығына сайланды. Алайда екі-үш жылдан соң ол жақпен қоштасып, ешбір қозғалыс, партия атаулыға ресми мүше болмай, сырттай кеңесшілікті жөн көріп, жазба жұмысқа кірісті. Қазақстанның дербес, тәуелсіз ел болуы, демократиялық, құқықтық мемлекеттер санатына қосылуы керектігі хақында көркемсөздік жалынмен көп мақала жазып, ойды батыл, ашық айтудың үлгісін көрсетіп жүрді. Бірде, Сыртқы істер министрлігімізде Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші кезінде, Айтеке би көшесіндегі жаңа кеңселерінің дәлізінде, шағын да жасылтым түсті диванда әңгімелесіп отырғанымызда *(Мәкең кабинетінде емес, сол диванда отырып сөйлескенді қалайда ұнататын. Кейін екінші рет іздеп барғанымда да: – Тар кабинетті қайтеміз, кең диванымызға барайық, – деп әзілдегені әлі есімде)* сөзіміз саясатқа сайды да *(шындығында көбінесе саясат жайында әңгімелесетінбіз)*:

– Мәке, оппозициясыз ел толыққанды ел бола алмайды дейсіз, бізде оппозиция бар да сияқты, жоқ та сияқты, ол қалай? – дедім. Мәкең басын изеді де, сауалыма жауапты сырттан іздегісі келгендей-ақ бұрыла бірқырындап, терезеден далаға көз тастай ойлана сөйледі:

– Ол кең түсіндіруді талап етеді, бірақ сағаң қысқаша айтып көрейін. Орыста бір мәтел бар, қазақшалағанда: «Шортан шабақтың бейқам жүрмеуі үшін жаратылған» делінетін шығар, оппозицияның рөлі де – сол. Ол елдің, халықтың мүддесі үшін үкіметтің сыншысы, кеңесшісі болуға тиіс. Біздің өкіметті де, үкіметті де кешегі коммунистер – оппозицияның атын өшіріп жібергендердің шәкірттері басқарып отыр. Оппозицияны құра бастап едік, сырттан бақылап, іштен шалып, іріткі салды. Оның үстіне біздің зиялы дейтіндеріміздің көбі билікқұмар емес пе, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың» орнына әрқайсысы бір-бір қозғалыс ашып, бір-бір партия құрып алуды көксеп, іріткі салушылардың жетегіне еріп кетті. Атамыз қазақ не деп еді, «қойшы көп болса, қой арам өледі» деп пе еді, біздің жігіттер соның аяғын құшты, демократияны шындап керек етпеді, тақты, портфельді керек етті, көпірме құр сөзбен әуестенді, бірін-бірі мүйіздеді. Әлі де солай! Осымен кетеді, қашан ес жиятындарын бір құдай білсін. Олардың осал жерін біліп алған билік астыртын іріткілігіне қоса ашық төкпештеуге кіріскен жоқ па? Өзің де көріп жүрсің: бірін алдап-сулап айнытып, бірін қорқытып-үркітіп, бірін сабап, бірін соттап, тоздырып жіберді ғой?! Соны көре тұра, біздің «серкелер» ойланбайды, дізе қоспайды, Абай айтқан: «Бет-бетіне би болған өңкей қиқымның» кері баяғы. Алған бетінен қайта қоймас кім бар десек, меніңше, ол – Серікболсын Әбділдин. «Мықтылар» оның партиясын да жұлмалай бастады, арғы жағын көре жатармыз. Демократия қолжаулыққа айналған жерде, биліктің шенеуніктері қожаңдайды, зиялылары бейтарап болған елде қоғам рухани дағдарысқа ұшырайды, авторитаризм күш алады, көсеулер «көсемге» айналады, халық қағаберісте қалады. Солай, жолдас Ғабеке...

x x x

– Мәке, енді жайлауыңыз да өзіңіздікі, қыстауыңыз да өзіңіздікі болды, аузыңызды, адымыңызды да аңдып отыратын албасты жүйеден құтылып, баршамен «тең құқықты» зейнеткерге айналдыңыз. Соның «құрметіне» сізге бір өтініш жасағым келеді, – дедім Хакім ағаға, Бөгенбай батыр көшесіндегі кітап дүкенінен шыққанымызда. Ол орайшап әзілімді іліп алып:

– Орыстар «на ногах правды нет» дейді, жүріп келе жатып берген жауабыма сенсең, құлағым өзінде, – деді ойнақы үнмен.

– Сіздің Сыртқы істер министрлігіне жылжытылғаныңыздың, одан сатылап төмендетіліп, бәйбішеңіздің «штатына көшірілгеніңіздің» нақ себебін айтып бересіз бе? Елу процентке жуығын білемін, қалған елу проценттен астамын білмеймін, шіркін, жүз процент білгенге не жетсін! – дедім, әзілімді үзбей. Мәкең әзілді жақсы көретін еді ғой, жымиып тыңдап, жұмсақ күле сөйлеп үстей түсетін. Ол жолы да лекіте күліп:

– Ол тым ұзақ әңгіме, Гогольдің қара сөзбен жазған поэмасындай. Знаешь, дәл қазір менің уақытым тығыз, – ол қолсағатына қарап алды, -тура қырық минуттан кейін Майя Ивановна екеуіміз бір жолдастың үйінде болуға тиіспіз. Екеуіміз былай етейік: ертең осы мезгілде Шоқан ескерткіші жанында кездесейік, мен сағаң бір кітап беремін, іздеген жүз процентті содан табасың, келістік пе? – деді.

– Кімнің кітабы?

– Өзімнің кітабым.

– Сыйлайсыз ба, сатасыз ба?

– Ну, сатирик! Саспа, бір тиының да шықпайды, сыйлаймын! – деп күлді.

– Мен де құр қол келмеспін.

– Ендеше, келістік!..

x x x

Алматыда 1986 жылдың желтоқсанында болған оқиға тарихымызға бір тарау болып әлі жазылып жатыр. 1996 жылы онжылдығын атап өттік. Біреу риза, біреу наразы дегендей. Мәкең екеуіміз Шоқан Уәлиханов ескерткіші жанында ұшырастық. Мен сол маңдағы бір шеберханаға бара жатқанмын.

– Мәке, Кәрішал Асановты білесіз, ол екеуіміз құрдаспыз, сырласпыз, сол кеше Кремльдің съездер сарайы мінберінен сөйлеген Мұхтар Шаханов сөзінің тезисін жазып бергенін айтты, соның мән-жайын айтасыз ба? – дедім.

– Знаешь, Ғабеке, мұны кейін кеңірек әңгімелерміз, әзірше тоқетерін айтайын, өйтпесем, қазір осында шалдарым келеді, қыдырыстауға, үлгірмейміз. Комиссия құруды бірінші болып талап еткенім рас, шыдап жүре беруге болмады. Бүгінде желтоқсанды жалау етуші «қаһармандар» ол кезде ұйқылы-ояу болатын. Комиссия менің депутаттық талабымнан кейін үш ай өткен соң ғана, әдейі кешіктіріліп құрылды, әуелгісіне Қадыр Мырзалиев төраға болды – ештеңе өнбеді, содан кейін Мұхтар Шаханов болды – оған кедергі жасалып, шындықты толық ашуына мүмкіндік бермеді. Мені шеттетіп тастаған болатын.

– Қызық екен! – деп қалдым, еріксіз елең етіп.

– Еркін Әуелбеков, «Алаш» партиясының бір лидері Рашид Нұтышев, тағы бір-екі жігіт Желтоқсан оқиғасын СССР Халық депутаттарының сьезіне жеткізуді ойластырады да, Еркін Рашидті белгілі диссидент Кәрішал Асановқа барып, ақылдасып келуге жұмсайды. Әділдік іздеп Қонаевпен шайқасқан, дізе бүкпеген Кәрішал ғой! Ол: Мен тезисін жазып берейін, ал оны Одаққа мәлім адамдарымыздың бірі оқитын болсын, сонда ғана әсерлі болады, деп кеңес беріпті. Солай істеліпті. Бірінші болып қол қойған Еркін Әуелбеков сьезде текст негізінде сөйлеуді депутат ақын Олжас Сүлейменовтен өтінген, ал Олжас ат-тонын ала қашқан. Еркін содан кейін депутат ақын Мұхтар Шахановпен сөйлескен екен, ол тәуекелге бел буыпты. Сьезде сөйлеу үшін Горбачевтен рұхсат алу керек еді, советтік «демократия» солай болды ғой. Ол міндетті Еркін мойнына алыпты, Горбачев екеуі ертеден таныс болатын, Мәскеуде парткурста бірге оқыған. Сөйтіп, Шаханов съезд трибунасына шығып, батыл сөйледі ғой! Ә, әне, менің серіктерім келе жатыр, ал пока, сау бол! – деді Мәкең қолын ұсынып. Көшені өрлеп жақындай берген екі ақсақалға қарады. Мен шеберханаға беттедім...

x x x

Хакеңнің айтыла бермеген бір еңбегі – «Азат» қозғалысын, «Азат» партиясын ұйымдастырысып жүрген жылдарында Семейдегі ядролық сынақ полигонын жабу мәселесін көтеріп сөйлегені, «Азат» бағдарламасына полигоннан құтылу үшін күрес жүргізу мәселесін енгізгені. Бұл туралы естісем де, өзінен қалайда сұраған емеспін. Көрнекті қоғам қайраткері, жорналшы, саясаткер Батырхан Дәрімбет бірде «Азат» қозғалысы» деп аталған кітабын сыйлаған еді, соны оқып отырғанымда мына жолдарды оқыдым: «...1991 жылдың жаз айларында біз Семей облысына бірнеше шеру ұйымдастырдық. Мен ол өлкеде екі рет болып қайттым. Шілде-тамыз айларында республиканың он облысынан жиналған «Азат» жасағы ядролық полигонды қоршауға алды. Бұл әрекетті М. Есенәлиев өзі басқарды...». Соңғы сөйлемнің салмағын аңғардыңыздар ма? «Бұл әрекетті М. Есенәлиев өзі басқарды». Тәжірибелі, адал жорналшы «өзі» деген сөзді әдейі қолданып, полигонды қоршауды кімнің әрі ұйымдастырғанын, әрі басшылық еткенін анық көрсетіп берген!

x x x

Шәкірт ұлы Тимурмен

Республикамыздың Сыртқы істер министрі болып тұрғанында КСРО делегациясының құрамында Нью-Йоркке, Біріккен Ұлттар Ұйымының кезекті сессиясына барып, оның биік мінберінен сөйлеген бірінші қазақ, КСРО-ның 1-дәрежелі дипломаты, мемлекет және қоғам қайраткері Хакең кейінде, оппозицияда жүргенінде саяси, қоғамдық тақырыптарға ондаған мақала жазды, кітап та шығарды. Бір әңгіме сәтінде өзі кейіп айтқандай, билікке жалтақтағыш баспалар мен гәзет-жорналдар жазғанын бөгеп, «түзеп-күзеп», қиянат жасай берген.

Біз – дос-жолдастары, інілері Хакеңнің туғанына 75 жыл толуына *(2003 жыл)* таңдамалы еңбектерінің төрт томын шығаруды қолға алған болатынбыз *(мұрағатындағы материалдарды іріктеу маған жүктелген)*, бірақ күтпеген кедергілерге кездесіп, мақсатымызға толық жете алмадық, «Естеліктер жинағын» *(«Тарихи тұлға. Хакім. Михаил Иванович. Мәке». Алматы. «Нұрлы әлем» баспасы, 2001 ж. Мен құрастырдым)* және «Қазығұрт» баспасынан алғашқы екі томын ғана шығарумен тындық. Алайда күдер үзбей, демеуші, баспа іздей жүргенбіз. Біздің әрекетіміз Қазақстанның репрессияға ұшыраған зиялыларының мұрасын зерттеп, жинақтап шығаратын «Арыс» қорының басшысы, білікті ғалым Ғарифолла Әнес мырзаның құлағына шалынған екен, ол: «Мәкең халқымыздың біртуар ұлы болды ғой?! Аяулы ағамыздың еңбектерін бағалай білмесек, кім болғанымыз? Мен шығарып беремін!» деп сәлем айтып, бұрынғы шыққан екі томды 1-нші кітап, шықпай қалған екітомдық қолжазбаны 2-нші кітап етіп *(әрқайсысы 500 бет шамасында)*, көлемді де көркем қос томдыққа айналдырып берді. Төбеміз көкке жетті!..

Елі, атамекен жері, халқы үшін өмір сүрген қайран Хакім аға!..

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

РУХАНИЯТ 7
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Кино

АВТОРЛЫҚ КИНО ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТОЛЫҚ АШЫЛУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ОСЫ ЕРКІНДІКТІ ДҰРЫС МАҚСАТҚА ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫ. ИДЕЯНЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – АДАМЗАТТЫҢ АДАМШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТІН САҚТАУҒА НЕГІЗДЕЛСЕ ҒАНА ҚҰНДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

АВТОРЛЫҚ КИНОДА ҚАТЫГЕЗДІК БАСЫМ

Қазақстанның авторлық кино бағытындағы жаңа буын өкілдері алдарына өте өткір әлеуметтік мәселелерді қоя білді. Батыл түрде жауабын іздеген. Көркемдік шешімдер жасаған. Танымдық тұрғыдан баға берген. Жаратылыстың заңдылықтарын түсінуге, түсіндіруге тырысқан.

Авторлардың дүниетанымы назар аударарлықтай. Олардың ішіндегі күй бүгінгі қоғамның дәл диагнозын қоюға мүмкіндік береді. Жас режиссерлердің көтеріп отырған күрделі әлеуметтік мәселелері көптеген сауалдардың жауабын іздеуге, зерттеуге мәжбүрлейді. Қоғамның ішкі қайшылықтарына деген жас режиссерлердің қарсылықтары бейне бір мағынасыз сайқымазақ ойындардың бетпердесін шешіп тастағандай.

Адамдарды әділдікті сүюге үйрету үшін, оларға әділетсіздіктің нәтижелерін көрсету қажет. Жаңа буын режиссерлері де қоғамдағы әділетсіздіктің нәтижелерін аша отырып, әділдікке деген тура жол іздейді. Олардың фильмдеріне тән ортақ қасиет те осында.

Фильмдерінің мазмұнына тән ортақ ерекшелік – ізденіс, терендік, ұтымды көркемдік шешімдер. Күрделі тақырыптармен жұмыс жасай білген. Көтеріп отырған сауалдары таңғалыс тудырады. Жас та болса ойлары озық. Эмир Байғазиннің «Асланның сабақтары», Әділхан Ержановтың «Қожайын», Жасұлан Пошановтың «Шлагбаум» фильмдері олардың дүниетанымының көрсеткіші.

Е.Вейцман: – «Интеллектуальды кино кең мағынада – нақты шындықты философиялық тұрғыда түсіндіру» деп анықтама береді. Осы авторлық кинода режиссерлер бар болғаны ақиқаттың өз жеке қабылдауларындағы пәлсапалық тұжырымдарын ғана ұсынады. Ол кейде өмірдегі нақты шындықпен үйлесім таппауы да мүмкін. Алайда кемел авторлардың кей еңбектерінен нақты шындықтың келбетін танудың да мүмкіндіктері зор. Олардың ойлары арқылы белгілі бір қоғамның даму бағытын, оның ішкі шындығын, әлеуметтің күйін аңғаруға болады. Авторлардың көтеріп отырған тақырыпқа қатысты ойлары олардың дүниетанымдарының деңгейін айқындайды.

Эмир Байғазиннің «Асланның сабақтары» фильмі жасөспірімдер мәселесін қамтығанымен, көтеріп отырған мәселесі өте ауқымды. Тіршілік үшін күрестің формуласын аша білген. Әлімжеттік жасау, жан сақтаудың анайы күресі. Картинаның табиғаты қатыгездіктің күшін сезіндіреді. Адамның болмысы өктемдік ету мен қорғану күйіне түскенде анайы айуандық кейіпке ене алатындығын көрсеткен.

Жасөспірім жастағы оқушылардың қоғамдағы өз орнын айқындауға деген алғашқы нышандарын психологиялық тұрғыдан зерттеген. Бұл үлкен өмірдегі тіршіліктің күресіне дайындықтың үлгісі. Ер балалардың бұл жастағы өз мәртебесі мен беделін қалыптастырудағы өтпелі де қиын шағы қамтылған. Жасөспірімдердің өзара бәсекелестігі олардың жеке тұлғалық мінездемелерін ашады. Алайда өмірде көп жағдайда сыртқы көрсеткіш емес, ішкі үйлесім заңдылығының шешуші рөл атқаратындығын дәлелдеуімен режиссер ұтымды шешім жасаған.

Режиссер адам бойындағы тіршілік үшін күрестің нышандарын табиғат заңдылықтарына сүйене отырып, салыстырмалы түрде теңеулермен түсіндіреді. Адамның рухы азғындаса, жыртқыш аңға ұқсайды. Алайда өмірде үлкен мақсатына жету үшін, күресте жеңіліс таппау маңызды. Ол үшін құрбандығын құрығына түсіре білетін жыртқыштың кейпіне енудің мысалдарын көрсетеді. Дарвин ілімінің заңдылығын қолданған.

Яғни жануарлар сияқты адамдардың табиғаты да тіршілік үшін күресте белгілі бір ортаға бейімделу қабілетіне қарай сұрыпталып, әлсіздердің жойылып, мықтылардың ғана бой көтеретіндігін айғақ ретінде алға тартады.

Фильмнің идеясын режиссер қарама-қайшы ұстанымдарды салыстыру арқылы жүзеге асырған. Көрерменнің өзі үшін шешім жасауына мүмкіндік береді. Фильмде Махатма Гандидің де күрес жүргізуде бейбіт келісімге келу маңызды деген қағидасын қолданады. Адамның өзгеге өктемдік жасай отырып, оны жеңдім деп масат тұтуы, шын мәнінде, өзінің әлсіздігінің көрсеткіші екендігін кейіпкерлері арқылы ашқан. Мықтылық пен жеңімпаздықтың тек ақылдың күшімен өлшенетіндігін алға тартады. Автор адамның болмысы табиғаттың үйлесім заңдылығының ажырамас бір бөлігі деген тұжырым жасайды.

Келесі, Әділхан Ержановтың «Қожайын» фильмі де осы тіршілік үшін күрес тақырыбымен өзара үндес. Автор бұл фильмде мәселені биліктің күші тұрғысынан ашады. Әлемді кім билейді?! – деген күрделі сауалдың жауабын іздеген.

Қысым. Қоғамдағы өткір әлеуметтік мәселелер. Шарасыздық. Туыстық қатынастар. Мүлік үшін күрес. Мемлекеттік жүйе. Тонау. Орындалмайтын уәде. Сатқындық. Өзін-өзі алдап, күнелтіп дағдыланған қоғамға – өткір сын. Бұл – фильм авторының дүниетанымы. Ішкі күйі. Шығармашылық – диагнозы. Нүктесі – кімнің құқы қаншалықты, сонда қожайын кім? – деген сауалды көпшілікке тастайды.

Кино тілімен – көркем, шебер бейнелік шешімдер жасаған. Бір жұпыны, төрт қабырғасы тозған үйдің меншіктік құқының айналасында күрделі мәселелерді төңкерген. Бетперде шешілген. Бейне бір жындыхана дерсің. Рухани есеңгіреу мен ес жиюдың ортасындағы қоғамның адами келбетін іздеудің үдерісін ұтымды ашқан. Қоғамдағы жәйттарға деген режиссердің көзқарасы көп сауалдың төңірегінде ойлануға итереді.

Әлемді кімдер билейтінін келесі Жасұлан Пошановтың «Шлагбаум» фильмі түсіндіріп, нүктесін қояды. Билік. Мәнсап. Материалдық байлық. Бәрін шешеді. Осы ойды автор әлеуметтік теңсіздік тұрғысынан ашады. Қоғамда барлығы бірдей емес. Бірдей болмайды да. Теңесу мүмкін емес. Бай мен кедей болып бөлінудің жаңа нарықтық заманданғы үлгісін жастардың бейнесі арқылы көрсетеді.

Қоғамды жіктеу түрлі ішкі психологиялық қайшылықтардың негізі. Шлагбаум бейнелік тұрғыдан осы айырманы түсіндіреді. Әлеуметтік теңсіздік екі түрлі әлемде өмір сүріп жатқан қоғамдық сана. Бірі – материалдық, екіншісі, рухтың күшіне сенеді. Автор осы санада түбегейлі өзгеріс болғанын қалайды. Материалдық тұрғыдан жіктеліп, бөлінудің салдары қоғамның келешегіне деген сенімінің, біртұтастылығының жоғалуына, рухани дертке әкелетін басты нышан ретінде қарастырады.

Фильмде осы әлеуметтік теңсіздікке деген қарсылық пен ызаны екі түрлі болмыс пен таным-түсініктегі кейіпкерлер арқылы ашып көрсетеді. Автор қызықты шешімдер жасайды. Кінәлі кім?! Мағынасыз күрестердің артында тұрған кім?! Осы сауалдардың жауабын береді.

Жастар кінәлі емес. Берілген тәрбие. Зардабын білсе де, жол ашып отырған қоғам. Азғындаған пейіл. Жалған әділдікті ақшаға сатып алуға машықтанған орта. Адамдық құның көк тиын. Әлемді билік кімде, сол билейді. Келешегін үшін күресе білмесең, ұтыласың. Күрес те әділ жүрмейді. Әлеуметтік сана бәрібір теңеспейді.

Теңестіретін күш – сананы емдеу. Оған да кепілдік жоқ. Аға буын кепілдік бермейді. Себебі басты ойыншы солар. Кінәлі де солар. Ұрпағына таңдау жасауға мүмкіндік бермейтін. Өз дәуірінің дертін емдемейтін. Фильмнің финалындағы дабыл осы теңсіздікті қолдан жасап отырған аға буынға, жалпы бүгінгі қоғамға жастардың жанайқайы ретінде теңеулік мағынада ұтымды берілген.

Жаңа буын режиссерлерінің фильмдеріне тән ортақ ерекшелік бар. Бұл – қатыгездік. «Зорлық, қатыгездік – жан азабынан» – дейді Ким Ки Дук. Экрандағы қатыгездік – қатыгездікті эмоциялық есеңгірету үшін қолданбайды, бұл жан дүниемізде жинақталып қалған жан азабының көрінісі» деген тұжырым жасайды. Егер жас режиссерлердің фильмдеріндегі осы қатыгездік сарын басым болса – демек, бұл олардың дүниетанымының бір бөлшегі. Ішкі күйі. Қоғамнан алған әсері. Қабылдауының нәтижесі. Көзқарастарының жүйесі. Танымдық тұрғыдан берген бағасы. Дүниетанымы.

Гүлзат КӨБЕК, *кинотанушы, өнертану PhD докторы*

САҢЛАҚ

(Басы 1-бетте)

ОСЫ ЧЕМПИОНАТТА ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ 12 БАС ЖҮЛДЕНІҢ 4-ІН ҚАНЖЫҒАҒА БАЙЛАДЫ. РЕСЕЙ 3, УКРАИНА 2 АЛТЫНДЫ ОЛЖАЛАСА, БЕЛОРУССИЯ, ӨЗБЕКСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН КОМАНДАЛАРЫ БІР-БІР АЛТЫН МЕДАЛЬҒА ИЕ БОЛДЫ.



СЕКСЕН ТӨРТТЕГІ ТӨРТ ЧЕМПИОН!

ТАШКЕНТТЕГІ ОДАҚ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТӨРТ ҚАЗАҚ БОКСШЫСЫ ТОП ЖАРҒАН ТАРИХИ СӘТ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

КСРО чемпионатындағы ең бірінші медаль 1947 жылы Махмұт Омаровқа (қола) бұйырса, содан табандатқан 33 жыл бойы одақтың алтын жүлдесі қазақ былғары қолғап шеберлеріне жеткізбей келді. XX ғасырдың бел ортасынан бері жалғасқан құрсауды бірінші болып 1980 жылы Серік Қонақбаев бұзса, іле-шала, 1982 жылы Серік Нұрқазов алаш ұландарынан екінші болып КСРО чемпионы атағына қол жеткізді. Яғни сексен төрттегі дүрмекке дейін бар-жоғы екі чемпион! Бұл қазақ спортшыларының әлсіздігінен емес. Мәскеудің отар ұлттардың ұл-қыздарын шідерлеп ұстаған саясатының салдары еді. Әйтпесе, Мақсұт Омаров пен Әбдісалан Нұрмаханов бастаған қаншама оғландарымыз жеңіске лайық бола тұра, Кеңес одағының чемпионы атағына жете алған жоқ.

Енді, міне, сол тұста әлемдегі ең мықты бокс державасының бірінен саналатын Кеңес одағының чемпионатында күтпеген жерден төрт бірдей қазақ – Кәрімжан Әбдірахманов (48 кг), Серік Нұрқазов (57) Серік Қонақбаев (67) және Асылбек Қилымов (75) жеке-дара шықты.

Бұл жеңіс барша алаш жұртын дүр сілкіндірді. Елдің еңсесі көтеріліп, арқа-жарқа боп қалдық. Ол кезде біздің ұлттың жастарынан қазіргідей әлем, Азия чемпиондары жылда шығып жатқан жоқ еді. Бокстан бар болғаны екі Еуропа чемпионымыз бар еді: Қонақбаев пен Нұрқазов. Олимпиада мен әлем чемпионатында Қонақбаев ұтып алған екі күміс жүлде біз үшін алтыннан кем емес. Не нәрсенің де аз кезде қадірі артық болады ғой. Қазір бағамдай қарасақ, осы төртеудің тарихи жеңісімен империяның спорттағы сіреске сеңі сөгіле бастаған тәрізді. Ең бастысы, қазақ жігіттері өздерінің ешкімнен кем еместігін жан жүрегімен сезінді әрі нағыз жеңістің қандай болатынын ұқты. Сонымен бірге алдыңғы толқын ағаларына жасалған сан жылғы қиянаттың қарымтасын қайтарды. Осыдан кейін алаш ұлдарының спорттың әр түрінен КСРО чемпионаттарында олжа салуы жиілей бастады.

Өзіңіз ойлап қараңыз, чемпионатты өз төрінде өткізген өзбектер бір алтынды зорға алды, халқының саны сол кездің өзінде 43 миллионнан асқан украиндар екі алтынмен шектелді. 140 миллион орыс орманның өзі алты жарым миллион қазақтың жаужүрек ұлдарына тосқауыл қоюға жарамады. Қазақ құрамасы бұрын-соңды мұндай белеске табан тіреген емес.

Дәл осы 1984 жылы кезекті жазғы Олимпиада ойындары АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтті. Біздің жоғарыдағы төрт батырымыз Олимпиада жолдамасын жамбасқа басып қойған. Бірақ капитализм мен социализмнің текетіресі шегіне жетіп, соның салқыны спортшыларға да тиді. Сол жылы капиталистік лагерьдегі мемлекеттер спортшылары Олимпиада жүлдесіне таласып жатқанда, социализм туын көтерген елдер «Достық-84» жарысының көрігін қыздыруға кірісті. Жер түбіндегі Кубаның төрінде айқасқа түскен төрт батырдың екеуі күміс (Әбдірахманов, Нұрқазов), біреуі қола (Қонақбаев) жүлдегер атанды. Қилымов кубалық Гоместі ұрып жықса да, төрешілер ұзақ кеңесе келе жеңісті 3:2 есебімен Гомеске алып берді.

Бір қызығы, осы сында Кубаның 11 боксшысы жеңіс тұғырына көтерілді. Алты спортшысы финалда шайқасқан совет былғары қолғап шеберлері Гаванадан «алтынсыз» оралды. Осы деректің өзінен-ақ бұл жарыста спорттық принциптен гөрі саяси принциптерге баса мән берілгенін анық аңғаруға болады.

Ташкенттегі жеңістен кейін Әбдірахманов пен Нұрқазов тағы бір мәрте КСРО чемпиондары атанды. Қилымов сексен төртте КСРО кубогін ұтып, сексен алтыншы жылы Одақ біріншілігінің финалында күтпеген жерден жеңіліс тапты. 1987 жылы 23 жасында бокс қолғабын босағаға ілді. Қонақбаев Ташкенттегі сыннан кейін көп ұзамай боксты біржола доғарды.

Сексен төрттегі тарихи жеңіс төрт бағыланның ғана бағын көтеріп қойған жоқ, Отанымыздың әр қиырындағы бокс бапкерлерінің жігерін одан сайын жани түсті. Ұлттық құрамадағы, жастар сапындағы жігіттеріміз осы жеңіспен арқаланып, бұрынғыдан бетер ширықты. Қазақтың қиырдағы ауылдарында құм толы қапты құлаштай ұрған қарадомалақтар қатары еселеп өсті. Ең бастысы, алаш ұландарының әлем көз тіккен дүрмекті додаларда олжа салуы жиіледі. Екі ғасыр отарлық езгіде болған ұлттың кеудесі қайта көтерілді. Ұлттық рух күннен-күнге жарқырай түсті.

Содан бері 33 жыл артта қалыпты. Осы бауырлармен қатар жүрген күндер, бір дастарқан басында иық қағыстырып, әзіліміз жарасқан сәттер күні кешегідей көз алдымда. Дариға-ай, сол бір дәурен ақырындап жылыстаған күйі көз ұшында қылаңытады. Батырлардың қамал бұзған ерліктері көкіректі әркез шуаққа бөлейді. Төртеуінің сонау шырқау көкте желбіреткен намыс туы қаншама жүректің отын маздатты десеңізші.

Қыдырбек РЫСБЕК

ДОДА

ҚАР ҮСТІНДЕГІ ШӨГЕН

Елімізде тұңғыш рет қар үстіндегі шөгеннен Almaty Snow Polo Cup халықаралық турнирі өтті. Алатау бөктерінде өткен халықаралық турнирде Astana Polo Club командасы жеңіске жетті. Бұл туралы Қазақстанның Шөген федерациясы хабарлайды.

Жарыстың үш күнінде елордалық команда бес ұпай жинап, финалға шықты. Ақтық сында Аргентинаның Polo Match Club командасын 8:3 есебімен ұтты. Жалпы, турнир барысында астаналықтар Cosmo Polo Club-ты (Швейцария) 4:1, Minuch Polo Club-ты (Германия) 10:2 есебімен жеңді. Ал Polo Match Club командасымен (Аргентина) 6:6 есебімен тең түсті.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

БӘРЕКЕЛДІ!

«Ақылды» тақия

Ақтаулық оқушы «ақылды» тақия ойлап тапты. Бас киімде орнатылған құрылғы көзі көрмейтін және нашар көретіндерге жолдағы кедергіні айналып өтуге көмектеседі.

SMART-тақияны Ақтаудағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің12-сынып оқушысы Сәтіғали Жолдасбай жасаған. Оның айтуынша, бас киімге дыбыс беретін құрылғы орнатылған. Ол кәдімгі ұялы телефоннан алынған. Алдыдан қандай да бір кедергі шықса, қозғалыс датчигі дірілдеткіш моторға *(вибромотор)* белгі береді. Өнертапқыш «Жоба Арудино микроплатасында жасалды. Менің осы жобам – көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға көмектесе алады деп үміттенемін», – дейді. Жас өнертапқыш өткен жылы Малай елінде екі апталық тәжірибеден өтіп келіпті.

ӘДІС

Ақпараттық кеңістік қорғалады

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Ақпараттық қауіпсіздік» орталығы ашылды. Бұл әлемге танымал «Касперский зертханасы» компаниясымен серіктестік аясында жасалып отыр.

Жаңа оқу орталығы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы кибер қауіп пен заманауи тренд жайлы білімнің қайнар көзі болмақ. Оған қоса, жаһандық ғаламтор кеңістігіндегі кибер шабуылдардан ресурстарды қорғаудың құрылымды жүйесін құру көзделуде. ҚазҰУ орталығында өзге жоғары оқу орындарының студенттерімен қатар мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлері де білімін жетілдіре алады.

«Касперский зертханасы» білім беру бағдарламасының жетекшісі Дмитрий Постельниктің айтуынша, білім беру саласы арқылы өз тәжірибемізбен бөлісуге және кибер қорғаныс бойынша қазақстандық еңбек нарығындағы кадр әлеуетін жоғары мамандандырылған қызметкермен толық қамтамасыздандыруға мүмкіндік бар.

Университет кибер қауіпсіздік және білім беру саласында Ресей зертханасымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ӨНЕРТАПҚЫШ

Күлтемір даяшы

Жаңаөзен қаласындағы мектеп-лицейінің оқушысы Рамазан Қойшыбаев күлтемір даяшы жасап шығарды.

Күлтемірдің биіктігі шамамен 40 см. «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі Бақытжан Мұхаммедтің айтуынша, Рамазан бір апта бойы жобаны іске асыру тетігін, бағдарлама жұмысын, оның сыртқы түрін ойластырған. Күлтемір даяшы машина сияқты үстелдің жанында қара түспен белгіленген желі бойынша дәмханада жүріп отырады. Бағдарлама ұялы телефонның блютузы арқылы беріледі. Әкімші үстел нөмірін басқанда, робот тапсырыспен үстелге барады. Егер үстел нөмірі жұп болса, робот басын оңға бұрады, егер тақ болса – солға. «Тапсырыс дайын» деп қазақ тілінде хабарлайды екен.

ЗВОНДАУ – ПОЗВОНИТЬ

Өмірінізде бір де «бір рет мен ертең сағаң звондаймын» деген сөзді айтпасаңыз, сізде не телефон жоқ, не сіз телефонды қалай қолданатынын білмейсіз. Орыс тілінен шеруіміздің бірінші орнында «звонить»-нан басқа, бұл сөздің «созвандаймыз (созвонимся)» деген нұсқасы да бар. Яғни біраз уақыттан кейін телефонмен қайта сөйлесетіннің белгісі.

ПРОБКА – ПРОБКА

«Пробка» сөзінің ресми аудармасы бар болса да, «мен көлік кептелісінде тұрып қалдым» деп айтатын қазақ аздың қасы. Көп жағдайда біз «пробкада тұрып қалдым» дегенді қолданамыз. Мысалы: «сен маған звондағанда, мен пробкада тұрғанмын».

БРӘТІШКЕ – БРАТИШКА

Бұл сөздің пайдалану жиілігі соншалық, тіпті оның орыс тілінен енгенін кейде ұмытып та қаламыз. Әрине, бұл қаратпа сөз тек ер адамдардың арасында қолданысқа ие. Өзінен кіші бейтаныс адамның барлығы автоматты түрде «брәтішке» болып кетсе, үлкендері «брат» болады. Одан бөлек, бұл сөздің көмегімен адамның тұратын жерін де анықтауға болады. Мысалы, «брәтішке, Абай көшесіне дейін алыс па?» деген сұраққа «білмеппін, брат» деген жауап алсаңыз, демек «брәтішке» жергілікті тұрғын емес.

«ШАЛАА ҚАЗАҚТЫҢ» СӨЗДІГІНЕН

СОТ ЗАЛЫНАН

(әзіл-сықақ бағдарламадан үзінді)

Судья: Бүгін казача біздин заседаниямызды проводить етемиз. Как обычно кунде мы делать етемиз.

Хатшы: Құрметті судья, сізге қазақша текс дайындап қойып едік.

Судья: Ой какой текс. Мен озим чисто казакча говорить етемін. И так давайте бастаймыз. Общем прокурор протокол зачитать етемиз.

Прокурор: Іс №283. Конституция қылмыстық кодекстің 34-бабы. Жекеменшікке қарсы қылмыс. Аталған баптың 4-тармағына сәйкес сотталушы Айжарық Азаматты 4-6 жылға бас бостандығынан айыруды сұраймын.

Судья: Так подожди, стоп. Перед людьми неудобно ғой. Какие бабы? Что ты говоришь?

ktk.kz

МЕШАТЬ ЕТПЕ – НЕ МЕШАЙ

Негізі, «етпе» деген сөздің алдына кез келген өзге тілдің етістігін қоя беруге болады: мешать етпе, загораживать етпе, красить етпе, т.б. Не екені белгісіз, «етпе» сөзінің көмегімен құрылған шала қазақ тілін кез келген адам бірден түсінеді. «Бөгет жасама» деген ескерту іс жүзінде бірнеше рет қайталағаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Ал «ей, мешать етпесей» деген ескерту бірден орындалады. Интонацияға мән беруді ұмытпаңыз.

comode.kz

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Елдос ТОҚТАРБАЙ – *Астана қаласындағы меншікті тілші*

Жарас КЕМЕЛЖАН – *қоғам және әлеумет*

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – *арнаулы тілші*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*

Руслан ДОСТАЕВ – *web-редактор*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынаргүл ОҢАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2107;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.